

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
Қ.А.ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ

ӘОЖ 61:378.661

Қолжазба құқығында

Кемелова Мақпал Мадиярқызы

**МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІН
КӘСІБИ ДАЙЫНДАУДА ТҮЛҒАҒА БАҒЫТТАП ОҚЫТУДЫ
ҰЙЫМДАСТЫРУ**

6М110100 – МЕДИЦИНА мамандығы бойынша медицина ғылымдарының
магистрі академиялық дәреже алу үшін магистрлік диссертация

Ғылыми жетеші: м.ғ.к., доцент м.а. К.С.Бабаева

ТҮРКІСТАН – 2018

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
Қ.А.ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ

Қорғауға жіберілді:

«Жедел медициналық жәрдем»
кафедрасының меңгерушісі,
м.ғ.к. _____ К.С.Бабаева
(қолы)
« _ » _____ 20__ ж.

Магистрлік диссертация

**МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІН
КӘСІБИ ДАЙЫНДАУДА ТҰЛҒАҒА БАҒЫТТАП ОҚЫТУДЫ
ҰЙЫМДАСТЫРУ**

Мамандығы: 6М110100 – МЕДИЦИНА

Магистрант _____ М.М.Кемелова
(қолы) (аты-жөні, тегі)

Ғылыми жетекші, м.ғ.к., доцент м.а. _____ К.С.Бабаева
(қолы) (аты-жөні, тегі)

ТҮРКІСТАН – 2018

МАЗМҰНЫ

АҢДАТПА.....	4
НОРМАТИВТІК СІЛТЕЛЕМЕЛЕР.....	6
БЕЛГІЛЕНУЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР.....	7
КІРІСПЕ	8

I-Тарау. МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІН ТҰЛҒАҒА БАҒЫТТАП ОҚЫТУ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕ РЕТІНДЕ (ӘДЕБИЕТТЕРГЕ ШОЛУ)

1.1 Тұлғаға бағыттап оқыту мәселелеріне тарихи-педагогикалық талдау.....	12
1.2 Тұлғаға бағыттап оқыту жоғары білім берудің заманауи жүйесінің негізі ретінде	18
1.3 Медицина факультетінің студенттерін оқытуда тұлғаға бағыттап оқыту әдісін жүзеге асыру	25
1.4 Медициналық ЖОО-ның студенттерін тұлғаға бағыттап оқытудың моделі.....	30

II-Тарау. МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖОО-НЫҢ СТУДЕНТТЕРІН ТҰЛҒАҒА БАҒЫТТАП ОҚЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕШЕНІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

2.1 Студент – медикті тұлғаға бағдарлап оқыту барысында қолданылатын дәрістер сипаттамасы.....	39
2.2 Медицина факультеті студенттерінің танымдық белсенділігіне тұлғалық бағыттап оқыту әдісінің әсері.....	45
2.3 Медицина факультетінің оқу үрдісінде студенттердің рефлексиясын қалыптастыру.....	49

III-Тарау. Тәжірибелік-эксперименталды жұмыстың нәтижелері

ҚОРЫТЫНДЫ	70
-----------------	----

ПАЙДАЛЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	77
--------------------------------------	----

АНДАТПА

«Медициналық жоғары оқу орындарының студенттерін кәсіби дайындауда тұлғаға бағыттап оқытуды ұйымдастыру»

Қазіргі таңда білім берудің жаңа парадигмасына сәйкес, студенттер тек карапайым пассивті тыңдаушылар ғана емес, олар оқу үрдісіне белсенді қатысады - мильқ шабуыл, қызу пікірталастар, еркін ойлар, даулар туғызады. Оқытудың жаңа әдістерін енгізу барысында студенттер өздерінің танымдық (интеллектуалдық) дағдыларын жоғары деңгейге көтереді, проблемаларды өз бетімен шешу қабілетіне ие болады, алынған білімдерді талдауға, бағалауға, біріктіруге және қолдануға машықтанып және шешім қабылдауда сыни ойлауды дамытады. Бұдан басқа, тренинг барысында студенттер біліммен қатар, тұлғааралық дағдыларды, командалық жұмыс дағдыларын, көшбасшылық дағдыларын және үздіксіз өзін-өзі жетілдіру дағдыларын қамтитын аффективті қабілеттерге ие болады.

Түйінді сөздер: тұлғаға бағыттап оқыту, модель, белсенділік, коммуникабельділік, өзін –өзі дамыту, шығармашылдық, кәсіби күзіреттілік.

АННОТАЦИЯ

«Организация личностно-ориентированного обучения в подготовке студентов высших медицинских учебных заведений»

Согласно новой парадигме образования, студенты уже не простые пассивные слушатели, они - активно вовлечены в процесс преподавания – проводят мозговые штурмы, горячие обсуждения, дебаты, споры. Благодаря внедрению новых образовательных методик, студенты за время учебы обретают высокий уровень когнитивных (интеллектуальных) навыков, способностей самостоятельного решения проблем, т.е. способностей к анализу, оценке, интеграции и применению полученных знаний, а также развитие критического мышления для принятия решения. Кроме того, в ходе обучения, студенты приобретают и т.н. аффективные способности, под которыми подразумеваются навыки межличностного общения, способности работы в команде, лидерские навыки, навыки постоянного самосовершенствования.

Ключевые слова: обучение, модель, деятельность, общение, саморазвитие, творчество, профессиональная компетентность.

ABSTRACT

«Organization of personal-oriented training in the preparation of students of higher medical schools»

According to the new education paradigm, students are no longer simple passive listeners, they are actively involved in the teaching process - brainstorming, heated discussions, debates, disputes. Thanks to the introduction of new educational methods, students during their studies acquire a high level of cognitive (intellectual) skills, the ability to solve problems independently, i.e. abilities to analyze, evaluate, integrate and apply the knowledge gained, and develop critical thinking for decision making. In addition, during the training, students acquire and so-called. affective

abilities, which include interpersonal skills, teamwork skills, leadership skills, and continuous self-improvement skills.

Key words: training, model, activity, communication, self-development, creativity, professional competence.

OZET

«Yüksek tıp okullarının öğrencilerinin hazırlanmasında kişisel odaklı eğitim organizasyonu»

Yeni eğitim paradigmasına göre, öğrenciler artık basit bir pasif dinleyici değil, öğretim sürecine aktif olarak katılıyorlar - beyin fırtınası, ateşli tartışmalar, tartışmalar, anlaşmazlıklar. Yeni eğitim yöntemlerinin tanıtımı sayesinde, öğrenciler çalışmalarında yüksek düzeyde bilişsel (entellektüel) beceriler edinir, problemleri bağımsız olarak çözme becerisi kazanırlar. Kazanılan bilgiyi analiz etmek, değerlendirmek, bütünleştirmek ve uygulamak, karar vermede eleştirel düşünmeyi geliştirmek. Ayrıca, eğitim sırasında, öğrenciler kazanır ve sözde. Kişilerarası beceriler, takım çalışması becerileri, liderlik becerileri ve sürekli kendini geliştirme becerilerini içeren duyuşsal beceriler.

Anahtar kelimeler: eğitim, model, etkinlik, iletişim, kendini geliştirme, yaratıcılık, mesleki yeterlilik.

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы жұмыста келесі стандарттарға сілтемелер қолданылады:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы (2011 жылдың 15 шілдесіндегі өзгерістермен қатар)

2. Жоғары оқу орындарында студенттердің академиялық көрсеткіштерін, аралық және қорытынды аттестациясын ағымдағы бақылауды жүргізудің типтік ережелері. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы (2011 ж. 16 наурыздағы № 94)

3. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығы);

4. Қазақстан Республикасының медициналық және фармацевтикалық білім беру жүйесін реформалау тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 24 сәуірдегі № 317 қаулысы);

БЕЛГІЛЕНУЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР

ЖОО- Жоғарғы оқу орны

ТБО- Тұлғаға бағыттап оқыту

ДДСҰ – Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымы

АҚШ – Америка Құрама Штаттары

РФ – Ресей Федерациясы

ТМД – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы

ҚР – Қазақстан Республикасы

Оқу үлгісін

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі.

Білім беру жүйесі, соның ішінде жоғары білім беру реформасына сәйкес еңбек нарығының талаптарына сәйкес жоғары деңгейлі мамандарды даярлау маңызды міндет болып табылады. Жоғары медициналық білім беру жүйесі өзінің бірегей ерекшеліктерін сақтап және дамытып қана қоймай, мемлекеттің қажеттілігін қамтамасыз ететін білікті медициналық мамандар даярлап жаңа деңгейге қол жеткізуді көздейді.

Білім берудің жаңа парадигмасының басты ерекшелігі стандартты типті жағдайларда білім мен дағдыларды үйрену тұжырымдамасынан, тұлғаға бағыттап оқыту тұжырымдамасына көшу болып табылады. Жаңа тұжырымдама кәсіби күзінеттіліктің жоғары деңгейге көтерілуін, яғни барлық жағдайда жұмыс істей алатын мамандар даярлауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар тұлғаның өзін-өзі дамыту механизмін іске қосады, шығармашылық қабілеттерін дамытады және кәсіби деңгейін жоғарлатады.

Болашақ дәрігер-мамандарды даярлауда дәстүрлі оқытудың мүмкіндіктері шектеулі және ол оқытудың түрі студенттің ойлау қабілетін және өзін-өзі дамыту қабілетін жоғарлатуға бағытталмаған.

Қазіргі қоғамның талабы басқа педагогикалық тұжырымдамалардан гөрі белсенді тәуелсіз адамдарды тұлғалық бағыттап оқытудың басым болуын қалайды. Осы мәселенің өзектілігі ғылыми зерттеу жұмысымының «Медициналық жоғары оқу орындарының студенттерін кәсіби дайындауда тұлғаға бағыттап оқытуды ұйымдастыру» тақырыбын таңдауға негіз болды.

Зерттеудің мақсаты:

Медициналық ЖОО студенттерін кәсіби даярлауда тұлғаға бағыттап оқытудың педагогикалық шарттарын анықтау және негіздеу.

Зерттеу объектісі: жоғары медициналық оқу орындарының студенттерін кәсіби даярлау үрдісі.

Зерттеудің міндеттері:

1. Медициналық ЖОО студенттерін кәсіби дайындауда тұлғаға бағыттап оқытудың мәні мен ерекшеліктерін анықтау.
2. Медициналық ЖОО студенттерін оқыту ерекшеліктерін және тұлғаға бағыттап оқытуды жүзеге асыру жолдарын анықтау.
3. Медициналық ЖОО студенттерін тұлғаға бағыттап оқыту моделін құрастыру және сараптау.
4. Медициналық ЖОО студенттерін оқытуда тұлғаға бағыттап оқытуды жүзеге асырудың тиімділігі мен педагогикалық шарттарын анықтау және негіздеу.

Зерттеу кезеңдері:

1-кезең (2016, қыркүйек – 2017, қаңтар): зерттеу өзектілігін анықтау, тақырып мақсаты мен міндеттерін негіздеу, ғылыми және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді зерттеу

2-кезең (2017, ақпан – 2017, маусым): студенттердің тұлғалық сапасын

диагностикалау және тесттер құрастыру, студенттерді тұлғалық сапасына байланысты топтарға бөлу

3-кезең (2017, шілде – 2017, желтоқсан): тұлғаға бағыттап оқытудың моделін құрастыру, болашақ дәрігерлерді кәсіби дайындауда тұлғаға бағыттап оқыту әдісін ендіруге мүмкіндік беретін сабақ өту түрі мен әдістерін апробациялау

4-кезең (2018, қаңтар – 2018, ақпан): тұлғаға бағыттап оқытудың тиімділігі мен эксперименталды жұмыстың нәтижесін бағалау

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- медициналық ЖОО студенттерін кәсіби дайындау үдерісінде тұлғаға бағыттап оқытудың ерекшеліктерін және жүзеге асыру жолдарын анықтау;

- медициналық ЖОО студенттерін кәсіби дайындау үдерісінде тұлғаға бағыттап оқытуды жүзеге асыру тиімділігінің педагогикалық шарттарының кешендерін анықтау;

- оқу үдерісінде тұлғаға бағыттап оқытуды жүзеге асыруда студенттердің рефлексиялануын және танымдық белсенділігін негіздеу және қалыптастыру;

- медициналық ЖОО студенттерін тұлғаға бағыттап оқыту моделін құрастыру;

- болашақ дәрігер-мамандарды даярлауда оқу-тәрбие үдерісіне тиімді әсер ететін педагогикалық шарттар мен құралдарды анықтау және қолдану.

Зерттеудің ғылыми маңыздылығы:

Медициналық жоғарғы оқу орындарының студенттерін тұлғаға бағыттап оқытуды тиімді жүзеге асырудың мәселелерін шешу үшін педагогикалық ғылымның әдістемелерін кеңейтуден тұрады, сондай-ақ, студенттердің тұлғалық және танымдық белсенділігін дамыту, олардың рефлексивті ұстанымын қалыптастыруда тұлғалық бағыттап оқытудың әсері туралы ғылыми идеялар педагогикалық теориясын толықтырады, сонымен қатар кәсіби құндылықты модельдеу мәселесі бойынша педагогикалық білімді кеңейту.

Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы:

Медициналық жоғарғы оқу орындарының студенттерін тұлғаға бағыттап оқытуды қамтамасыз ету үшін оқыту әдістері мен оқу-әдістемелік құралдарын дайындау, оны тәжірибеге енгізу, тәжірибелік нұсқаулар дайындау. Медициналық жоғарғы оқу орындары оқытушылары пайдаланатын озық тәжірибе әзірлеу.

Зерттеудің жалпы сипаттамасы.

Медициналық жоғарғы оқу орындарының студенттерін тұлғаға бағыттап оқыту келесі шарттар жүзеге асырылған жағдайда тиімді болып табылады, яғни: оқытудың белсенді әдісін пайдалану арқылы әртүрлі сипатты және күрделілігі әртүрлі деңгейдегі жағдайларды шешуді оқыту процесінің барысында құру, оқыту құралдары мен білім беру үрдісінің қорытынды рәсімдерін субъективті енгізу, педагогикалық процес субъектілерінің, яғни ұстаз бен шәкірт арасындағы өзара іс-қимыл әрекетін, студенттің кәсіби функцияларын жүзеге асыру процесінде бірлескен іс-әрекетін қалыптастыру.

Зерттеу әдістері.

Максатқа қол жеткізу және жорамалдарды зерттеу үшін жұмыстың әр кезеңдеріне байланысты теориялық және эмпирикалық сипаттағы әдістер жиынтығын қолдану: зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми әдебиеттерге теориялық талдау, диагностика жасау, моделдеу және оқу процесін жобалау, анықталған әлеуметтік және педагогикалық қайшылықтардың шешімін табу, диагностикалық тестілеу әдістері; статистикалық әдістер, статистикалық әдістері; эмпирикалық (сынама-тәжірибелік жұмыс).

Диссертациялық жұмыстың қорғауға қойылған ұсынылымы:

- 1.Тұлғаға бағыттап оқыту әдісі студент тұлғасы мен оқытушының тұлғасы субъект ретінде әрекет ететін оқу үдерісінің түрі; білім берудің мақсаты - оқушылардың мінез-құлқының негізі болып табылатын құндылық бағдарларын және олардың орындалатын әрекеттермен байланысын ескере отырып, оқушының жеке басын және бірегейлігін дамыту.
- 2.ЖОО студенттерін тұлғаға бағыттап оқыту әдісінің функционалды моделі мақсаттық, мазмұндық, аспаптық және нәтижелік компоненттерден тұрады.
- 3.Медициналық ЖОО студенттерін тұлғаға бағыттап оқытудың шарттары: сипаты мен күрделілігі әртүрлі ситуацияларды оқу үдерісі барысында таңдау және шешу, мазмұны бойынша өзгермелі, , аспаптық орындау және білім беру процесінің қорытынды рәсімдерін субъективті енгізу; оқытушы мен студенттің рефлексиялық өзара әрекеттесуі.
- 4.Тұлғаға бағытталған оқытудың тиімділігіне қойылатын критерийлер: танымдық критерий (тұлғаға бағыттап оқытудың мәнін білу); белсенділік (оқу үрдісін және оның нәтижелерін көрсету негізінде барлық қатысушыларының оқу процесіне оңтайлы субъективті қосылуы); ситуациялық шарттылығы (тәуелсіз шешім қабылдауға студенттерді оқыту, жағдайларды оңтайлы шешу негізінде оқу процесін ұйымдастыруға байланысты); мотивациялық (педагогикалық үдерістегі қатысушылардың дайындық міндеттерін шешуге және белгілі бір мақсаттарға қол жеткізуге дайын екендіктерін білдірді).

Диссертациялық жұмыстың апробациядан өтуі:

Жұмыстың негізгі ережелері мен нәтижелері «Жедел медициналық жәрдем» кафедрасының (2018 жылғы 27 наурыздағы №8 хаттама) және Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің медициналық факультетінің ғылыми-координациялық кеңесінің отырысында талқыланды (05.04.2018 ж. № 7).

Автордың зерттеуге қосқан жеке үлесі

- Жоғары медициналық оқу орындарының студенттерін кәсіби даярлау үрдісінде тұлғаға бағыттап оқытуды енгізудің тиімділігі үшін педагогикалық жағдайлар жиынтығы анықталды;

- Жоғары медициналық оқу орындарының студенттерін кәсіби даярлау үрдісінде тұлғаға бағытталған оқыту әдісін іске асырудың мәні, ерекшеліктері мен тәсілдері анықталды;
- Жоғары медициналық оқу орнының студентін тұлғағабағыттап оқытудың моделі әзірленді;
- жоғары медициналық оқу орындарында мамандарды даярлауда тұлғаға бағыттап оқытуды енгізудің ерекшеліктері анықталды;

Диссертация тақырыбы бойынша жарияланымдар

Диссертация тақырыбы бойынша 4 жұмыс жарияланды, оның ішінде 1 мақала – ҚР БҒМ білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің ұсынған басылымдарында, 3 жұмыс – Халықаралық ғылыми конференциялар және конгрес материалдарында.

Диссертациялық жұмыстың көлемі мен құрылымы:

Диссертация компьютерлік мәтіннің 86 бетінде ұсынылған, кіріспеден, әдебиеттерді шолудан, материалдар мен зерттеу әдістерінен, зерттеу нәтижелерінен, тұжырымдардан, практикалық ұсыныстардан, әдебиеттер тізімінен тұрады.

Жұмыста 9 кесте мен 12 кескін бейнеленген. Әдебиеттер тізімі 183 ішкі және сыртқы көздерден тұрады.

I-Тарау. МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІН ТҰЛҒАҒА БАҒЫТТАП ОҚЫТУ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕ РЕТІНДЕ(ӘДЕБИЕТІК ШОЛУ)

1.1. Тұлғаға бағыттап оқыту мәселелеріне тарихи-педагогикалық талдау

Адам философиясындағы батыс еуропалық дәстүрдің пайда болуы мен көзі - Сократ, Платон, Аристотельдің көзқарасы.

Сократ негізінен адамның ішкі әлеміне, оның жаны мен ізгілігіне қызығушылық танытқан.

Платон жанның сапасы адамның болмысына, оның мақсаты мен әлеуметтік мәртебесіне байланысты деп санаған. Тәнділік адамды жануарлар әлеміне байланыстырады, ал оның жаны бұл дүниеден жоғары болады.

Аристотель адамға қоғамдық, мемлекеттік және саяси тұрғыдан қараған адамның өзін-өзі дамытудың жалғыз мүмкіндігі адамның адамгершілікте өмір сүруінде көрініс табады [58].

Гуманизмнің гүлденуі XV ғасырға, Өрлеу дәуіріне дейін созылады. Бұл кезеңнің философиясы адамның адам ретінде танылуына, еркін даму құқығына және оның қабілеттерін танытуға толы.

Тұлғаға бағытталған оқыту философиясының негізін қалаушыларға К.Роджерсті жатқызуға болады, ол бұл әдістің келесі ерекшеліктерін айрықша атап көрсетті:

1. Осындай тренинг процесегі ақыл-кенеске қатысты оқытудан басқа, барлық танымдық қабілеттер мен сезімдермен интегралдық тұлғамен айналысады. Мұндай тренинг мидың сол жақ жарты шарының белсенділігіне негізделген логиканы біріктіреді (идея мен түсініктерді пайдалана отырып, барлық бөліктерді бөліп, нақты және айқын түрде ғана қабылдайтын) және интуитивті таным (оң жарты шарда, метафоралармен жұмыс істейтін бөліктердің алдында тұтастығын қабылдайтын бөлшектерге дейін; эстетикалық жағынан, шығармашылықпен, өмірдің сенсорлық аспектілерімен байланысты), сондай-ақ интеллект пен сезім, концепция мен тәжірибе, идея мен мағынасы.

2. Бұл әдіс студенттің мінез-құлқын, көзқарастарын және тіпті оқытушының да тұлғалық ерекшеліктерін өзгертеді. Оқу процесінде студент тең серіктес болады. Оқу процесінде білім берудің екі тасымалдаушысын (студент және мұғалім) танымдық тең серіктестер ретінде үйлестіреді.

3. Мұғалімнің позициясы түбегейлі өзгереді: ол абсолютті білім беруші болмай, жәй ғана студентке адекватты көмекші рөлін атқарады. Студенттің өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі тануға және өздігінен білім алуға көмектеседі. Жақсы мұғалім оқушы өз қабілет мүмкіндіктерін көре алатын «айна» болады [128].

К. Роджерс психотерапияда, білім беруде, ұйымдарды басқаруда, медициналық практикада, некеде және халықаралық қатынастарда тұлғаға бағытталған әдісті қарастырды. Ол 1960-1980-жылдардағы гуманистік

психология қозғалысының құрушылары мен жетекші қайраткерлерінің бірі болды. Осы ғалымның (және оның ізбасарларының) ғылыми қызметі мен тәжірибесінің арқасында бүгінгі таңда гуманистік ұстанымды іске асыруда тұлғаға бағытталған әдісті қоғамдық өмір мен білімнің кең салаларына қолданып келеді.

Роджерстің мағыналы оқыту, мұғалімнің рөлі және оның студенттермен қарым-қатынасы шетелде гуманистік оқытудың негізі болып табылады және зертеудің шыңы 1960-1970 жылдар болды.

Осындай оқытудың нәтижелері мыңдаған мұғалімдер мен бастауыш, орта мектептер мен колледждерде он мыңдаған студенттерді қамтыды.

Англия мен АҚШ-та (кейінірек Германияда алынған деректер) студенттердің дамуы байқалды: олардың өзін-өзі бағалауы жақсарды, ойлау және шығармашылық қабілеттері жоғарылайды), олардың денсаулығына, жетістігіне және сабаққа қатысуына әкелетін когнитивті қабілеттер дамыды.

Ресей педагогикасының дамуында тұлғаға бағыттап оқыту орыс педагогикасының классигі К.Д.Ушинскийден бастау алады. Ол балалармен жұмыс жасау барысында пайдалы әдеттерді қалыптастыру барсында пайдаланылатын тұлғаға бағыттап оқытудың кең әдістерін ойлап тапты. Ол өзінің «Адам тәрбиенің объектісі ретінде» атты кітабында егер педагогика адамды барлық жағынан тәрбиелейтін болса, онда ол адамды барлық қырынан тануы керек деп жазды. [166, 167]

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында баланың дүниетанымын қалыптастыру мәселелерін, білім берудің мазмұны мен әдістерін, ақыл-ойдың, мінез-құлқының және ерік-жігердің дамуын, оқытудың жеке аспектілерін зерттеуде, алдыңғы қатарда танымал орыс психологы П.Ф.Каптерев те болды. Ол білім беру мен тәрбиелеу процесін психологиялық тұрғыда қолдануға тырысты, іс жүзінде ұлттық педагогикалық психологияны құруға бірінші болып келді [87].

Революцияға дейінгі Ресей мұғалімдерінің және қоғам қайраткерлерінің жазбаларын талдау барысында, олар балаларға жеке көзқарас қалыптастырудың теориялық және педагогикалық ережелерін қалыптастырғанын айтуға болады. Сонымен қатар А.И. Герцен, В.Г. Белинский, Н.Г.Чернышевский, Л.Н. Толстой, Н.А. Добролюбовтың шығармаларында адамның тұлғалық дамуын және басқада тұлғалық қабілеттерін қалыптастыру мәселелерін зерттегіні туралы айтуға болады.[42, 43].

Бұл туралы еркін білім беру мектебінің алғашқы теоригі болған Лев Толстой да толық сенімділікпен жазды. Ол адамның жеке қасиеттерін қарастырудың маңызды қағидаларына назар аударып, әр адамның өзіндік қасиеттері бар: жақсы, жамандық, ақылды, ақымақ, апатиялық, жігерлі және т.б. Адамдар мұндай болмайды. Адам туралы жиірек айтқанда, олар мейірімсізден гөрі мейірімді, ақымақтан гөрі ақылды, апатиядан гөрі әлдеқайда жігерлі немесе керісінше, және егер бір адам туралы мейірімді немесе ақылды деп айтса, ал екіншісі жайында ол зұлым немесе ақымақ деп

айтамыз. Біз әрдайым адамдарды осылай бөлеміз. Адамдар өзендер тәрізді: барлық су бірдей, бірақ әр өзен әр түрлі: тар, кең, жылдам немесе тыныш, таза немесе лайлы, суық немесе жылы. Адамдар да солай : адамдардың барлығында адамдық қасиеттердің барлығы болады, сол қасиеттедің кейде біреуі немесе екіншісі көрінеді, кейде көбінесе өз-өзіне ұқсамайды, өзін ұстап қалады [87].

Лев Толстойдың педагогикалық ұстанымында адамның жеке ерекшеліктерінің әртүрлі аспектілеріне, адамға ерекше қатынасты, динамикалық және өзгеретін құбылысқа ерекше көңіл бөлінеді.

Белгілі болғандай, осы кезеңде Ресейде өнеркәсіптің қарқынды дамуы және ауылшаруашылық өндірісінің өсуі байқалды, бұл өз кезегінде П.А. Столыпин реформаларымен ынталандырылып, сауатты, білімді адамдарды дайындау қажеттілігін қалыптастырды. Ф.М. Достоевскийдің, А.П. Чеховтың, М.Горькийдің туындыларында Ресейдің болашағы үшін аландаушылық болды. Осының бәрі Ресейдің физиологиялық мектебінің И.М. Сеченов пен И.П. Павловтың әлемдік жетістіктерімен бірге педагогикаға жақсы негіз болды (В.П. Капченко, А.Ф. Лазурский, А.П. Нечаев, Г. И. Россолимо, Н.Р. Румянцев) эксперименталды педагогика мен психология, физиология және медицина, әлеуметтану және этнография негізінде адам туралы білімнің интеграциялану идеясын қабылдады [133]

1920 жылдардағы танымал психологтар мен педагогтар білім беру мен оқытуды дара мақсатқа бағытталған процесс ретінде жүргізу қажеттігін дәлелдеді. Мысалға, жақсы және жаман мұғалімнің арасындағы айырмашылықты көрсететін П.П. Блонский, жақсы мұғалім үшін-барлық студенттер әртүрлі, бірдейлері болмайды, ал жаман мұғалім үшін барлық студенттер бірдей. Ол оқу үдерісінде типтік балалық кателерді талдаудың және оларды жоюдың тиімді әдістерін талдауға арналған түрлі әдістер әзірледі. Ол баланың даму кезеңін негіздеуге тырысып, баланың даму ерекшеліктерін ескерудің қарапайым тәсілдерін анықтады: жас, ақыл және кейбір жеке (әсіресе темперамент). Осылайша, П.П.Блонскийдің гуманистік педагогикалық және психологиялық ойларға байланысты жұмысы және оның практикалық қызметі балалар дамуының жеке аспектілерін ескеруге бағытталған деп қорытынды жасауға болады. Біздің ойымызша, П.П. Блонский жеке-бағытталған педагогиканың негізін қалады. Дегенмен, тұтастай алғанда осы уақыттың жаппай мектебі іс жүзінде көрнекті мұғалімнің педагогикалық идеяларының көпшілігін жүзеге асыруға өте жақын болды [23].

Сонымен бірге, 1930-шы жылдардан бастап, дамудың тұжырымдамалық тәсілдерін дамыту Выготский басшылығымен психологиядан басталды, онда жеке тұлғаның дамуы басты мақсат болды. Жеке тұлғаны зерделеудегі алдыңғы қатарда баланың бұрыннан бар қасиеттерімен бірге бойында жоқ қасиеттерде зерттелді. Л.С. Выготский баланы дамытудың екі деңгейін: нақты, осы уақытқа дейін қалыптасқан деңгейін және болашақ даму деңгейін ерекшелендірді. Соңғысы баланың әлі жасай алмайтын әрекеттерімен анықтады, бірақ ол ересек адамның көмегіне жүгіне алады. Болашақ даму деңгейінің көлемі шектеулі, себебі баланың кейбір іс-әрекеттерді ересек адамның көмегімен орындай

алмайтын жағдайлар болады. [36, 37, 38, 39]. Осылайша, ең маңызды дидактикалық тапсырмаларының бірі - баланы үлкен дәрежеде дамытатын оқыту әдісін табу керек болды.

Осылайша, білім беру саласында жеке қасиеттерді зерттеу идеялары В.А. Сухомлинскийдің шығармаларында одан әрі жалғасын тапты. Ол баланы білімісіз (оның ойлау қабілеті, қызығушылығы, шеберлігі, бейімділігі,) тәрбиелеу мүмкін емес деп жазды. [164]. Ерекше талантты ұстаз әр баланың эстетикалық сезімдерін тәрбиелеуде жеке тұлғаны дамыту үшін қызықты жұмыс түрлерін қалыптастырды. Ол баланы дамытатын осындай оқыту әдісін тапты. Оның дамуының маңызды құралдарының бірі табиғат, көркем сөз, музыка, сурет салу деп саналды, өйткені, оның пікірінше, ол даралығымен байланыста болғанда көрінеді. Ол өзінің шығармашылық қабілеттерін ашқанда баланың эмоционалдық тәжірибесіне негізделген білім берудің түпнұсқалық жүйесін жасады. 1970-1980 жылдары Ш.А. Амонашвили, И.П. Волков, О.Газман, Т.И. Гончарова, А.А. Дубровский сияқты педагогикалық инноваторлар, И.В. Иванов, Е.Н. Ильин, С.Н. Лысенкова, А.Р. Резник, Е.С. Сазонов, В.Ф. Шаталов секілді педагог-новаторлар осы салада ғылыми педагогикалық ізденістер жасады. Олардың жалпы практикалық іс-әрекеттерінде педагогикалық ынтымақтастық пен мұғалімдер мен студенттердің достастығы жүзеге асырылды, гуманизм мен демократия идеялары аударылды және енгізілді. Ұйымның рухында осы қатынастарды (әсіресе Ш.А. Амонашвили жүйесінде) біз тұлғаға бағытталған қатынас ретінде қарастырамыз [4].

XX ғасырдың 90-шы жылдарында «тұлғаны тәрбиелеу» термині практикалық педагогтардың педагогикалық лексикасының бір бөлігі болып табылды, ол білім беру үдерісінде тұлғаны дамытудың жаңа қағидаларынан оқу үрдісінде бұрынғы қолданыстағы тәсілдер мен әдістерді интуитивті ажырату болып табылады. «Даму», «білім беру» және «тәрбиелеу» ұғымдары теория мен педагогиканың тәжірибешілерімен біртұтас «оқу үдерісі» ретінде қарастырылады.

Ғалымдар - педагогтар, психологтар және әдіскерлер «тұлғаға бағыттап оқыту» түсінігін анықтауға әртүрлі әрекет жасады. Мысалы, Т. И. Кулыпина тұлғаға бағыттап білім беру екі тұлғаның өзара байланысының нәтижесінде баланың тұлғалық қабілетін дамытуға негізделеді деген тұжырымға келген: ол ішкі, маңызды, табиғи, адамның қасиеттерін өздігінен ашып, жеке құндылық жүйесін қалыптастыру ретінде көрінеді.

Тұлғаға бағыттап оқытудың ғылыми-теориялық негізін Е.В. Бондаревская тереңдете зерттеген. Ол тұлғаға бағыттап білім берудің жаңа сапасы мәдениеттілік принципімен айқындалады деп жазды. Ол мәдениет пен білім арасындағы қарым-қатынасты жеке тұлғаны өсіретін және қоректендіретін орта, сондай-ақ баланың мәдениет адамы ретінде тәрбиеленуі мен дамуы арасын анықтау болып табылады деп қарастырды. Бұл білім беру мазмұны, ұлттық және аймақтық мәдени құндылықтарды, және балаға деген қарым-қатынасы, оның мәдени даму үдерісіне қабілетті еркін, интегралды

тұлғаның мәдениетін түсінуіне, құндылықтарды өз бетінше таңдауына, мәдениет әлемінде өзін-өзі анықтауға, шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруға негізделгенін білдіреді

Е.В. Бондаревскаяның білім беру концепциясындағы мектепке дейінгі және кіші жастағы балаларды тұлғаға бағыттап оқыту дегеніміз - бала денсаулығын қамтамасыз ету мен «азықтандыру», оның табиғи қабілеттерін дамыту: ақыл -ойын, адамгершілік және эстетикалық сезімдерін, табиғат, өнер және адамдармен қарым-қатынаста тәжірибе жинау. Жасөспірімдік шақ жас-тұлғаның физикалық және әлеуметтік қабілеттерінің қарқынды дамитын кезеңі. Осы жаста мәдени құндылықтар, эстетикалық және адамгершілік жанашырлық тануды қамтиды. [24, 25, 26, 27].

Жеке тұлғаны тәрбиелеу теориясының дамуына айтарлықтай үлес қосқан И. Якиманская.

Егер дәстүрлі білім философиясында жеке тұлғаны дамытудың әлеуметтік-педагогикалық үлгілері сыртқы танылған үлгілер, танымдық (когнитивтік) әрекеттесу стандарттары түрінде сипатталса, онда тұлғаға бағытталған оқыту, оның пікірінше, студенттің ерекше тәжірибесін жеке өмірлік маңызды қызмет көзі ретінде танудан туындайды, атап айтқанда, таным.

Осылайша, білім беруде бұл педагогикалық әдістің әсері ғана емес, осы және пәндік тәжірибенің «жиналысы», соңғы дамудың өзіндік «өсіруі», оның өсуі, өзгеруі, жеке дамудың «векторы» болып табылатыны танылады. И. Якиманскаяның пікірінше, оқушыны бүкіл оқу үдерісінде негізгі белсенді тұлға ретінде мойындау – тұлғаға бағытталған педагогика.

Тұлға бағытталған білім үлгісін құру үшін ол келесі ұғымдарды ажыратуды қажет деп санайды:

- көп деңгейлі көзқарас - студенттерге қол жетімді бағдарлама материалының күрделілігінің әртүрлі деңгейіне бағдарлау;
- сараланған тәсіл - сыртқы (дәлірек, аралас) дифференциация негізінде балалардың топтарын бөлу: білімі, қабілеті, білім беру мекемесінің түрі;
- жеке тәсіл - балаларды біртекті топтарға бөлу: академиялық көрсеткіштер, қабілеттер, әлеуметтік (кәсіби) бағдарлау;
- пәндік-жеке көзқарас - әр балаға бірегейлік, жан-жақты, бірегейлікке деген көзқарас.

Якиманская тұжырымдамасында жеке тұлғаны тәрбиелеудің мақсаты баланың жеке тұлғалық қасиеттерін ашып көрсету және одан әрі мақсатты дамыту, олардың «өсіруі», қоғамның әлеуметтік-мәдени нормаларына сәйкес келетін әлеуметтік маңызы бар мінез-құлық нысандарына айналуы үшін қажетті жағдайларды (әлеуметтік, педагогикалық) құру болып табылады [175, 176].

И.Якиманская сондай-ақ жеке тұлғаны тәрбиелеу моделінің құрылысына келесі терминдерді ажырату қажет деп санайды:

- жеке адам - белгілі бір генотиптік қасиеттерге ие, биологиялық белгілерге ие (биоритмдер, организмнің құрылымы, психофизиологиялық ерекшеліктері) адам ретінде;

- жеке даралық (латын тілінен - «жеке тұлғадан») әр адамның өзіндік дамуының субъектісі ретінде өзінің өмірлік қызметін жүзеге асыратын жалғыз және қайталанбайтын даралық;

- жеке тұлға - қоғамдық қатынастардың иесі ретінде, қоғамның белгілі бір әлеуметтік тобына жататындығын анықтайтын әлеуметтік маңызы бар құндылықтардың тұрақты жүйесі бар адам.

В.В. Серіковтің жеке тұлғаны тәрбиелеу тұжырымдамасында - баланың жеке қасиеттерін дамытуға және өзін-өзі дамытуға бағытталған педагогикалық процестің ерекше түрін құру болып табылады. Ғалымның айтуынша, білім берудің мақсаты - баланың жеке басы [136, 137, 138].

Оқу барысында М.И. Рожков пен О.Гребенюк мұғалімнің оқушысына өзінің жеке дамуы мен тәрбиесінің саналы және жауапты субъектісі ретінде жеке және жеке тұлға ретінде қарау мәселесін қарастырады [40, 46, 47, 48, 129, 130, 131].

Осылайша, авторлардың білім беру теориясындағы негізгі идеяларын талдау нәтижесінде тұлғаға бағытталған бағытта дамудың екі бағыты бар: бір-біріне қайшы келмейтін, бірақ өзара толықтырылған тұлғалық-мәдени және жеке-жеке. Бұдан шығатын болсақ, авторлар (Е.В. Бондаревская, В. Сериков, И. Якиманская және басқалар) жеке-дара оқытудың тұжырымдамасын біздің жұмысымыздың негізін қалаған тұтастық тұрғысынан қарастырады. Тұлға - жеке тәжірибені қалыптастырудағы білім беру үдерісінің мақсаты.

Жалпы алғанда, айтылғандарды қорытындылай келе, педагогикалық және педагогикалық психологияда тұлғаны тәрбиелеудің мәнін анықтау үшін әртүрлі әрекеттер жасалды (Е.В. Бондаревская, Т.И.Кульпина, В.П. Серіков, И. С. Якиманская).

Жеке тұлғаны тәрбиелеу проблемасының тарихи-педагогикалық аспектілерін талдауға біз тұлғаға бағытталған білім беру тұжырымдамасын студенттік тұлға және оқытушының тұлғасы оның пәні ретінде әрекет ететін оқу үдерісінің түрі ретінде қалыптастыруға мүмкіндік береміз; білім берудің мақсаты студенттің жеке тұлғалық қабілеттерін дамыту, оның мінез-құлқы мен оның орындалу қызметіне деген көзқарасы болып табылатын студенттердің құндылық бағытын ескере отырып, оның жеке басы мен ерекшелігін дамыту болып табылады.

1.2. Тұлғаға бағытап оқыту әдісі қазіргі жоғары білім беру жүйесінің негізі ретінде

Қазіргі қазақстандық білім беру саясатының басым міндеті – білім берудің жеке тұлға, қоғам, мемлекеттің болашақ қажеттіліктеріне сәйкес негізін сақтап, білім беру процесінің сапасын жоғарлату үшін жағдай жасау болып табылады. Экономика мен қоғамның жаңа сапасын қалыптастырудың маңызды факторы ретінде заманауи әлемде білім берудің маңызы адами капиталдың ықпалының

артуымен арта түседі. Білім беру ғылым, мәдениет және планета халқымен үнемі әзірленетін білім беру механизмі ретінде түсіндіріледі. Тарихи қысқа уақыт аралығындағы әлемдік үдерістердің тез, жылдам табиғатын ескере отырып, білім беру жүйесі динамикалық сипатқа ие болуы керек. Қазақстандық білім беру жүйесі озық елдердің білім беру жүйесімен бәсекелес болуға лайықты болуы тиіс.

Сонымен қатар, білім беруді терең және жан-жақты модернизациялау қажет, бұл үшін қажетті ресурстарды бөлу және оларды тиімді пайдалану механизмдерін құру қажет.

Қазақстан Республикасының 2017 жылға дейінгі білім беруді модернизациялау тұжырымдамасында жаңартылған білім беру ұлттың, оның гендік қорын сақтауда негізгі рөл атқаруы тиіс екенін, өмір сүру деңгейі, азаматтық құқық, кәсіби және отандық мәдениет жоғары қоғам, яғни қазақ қоғамның тұрақты, қарқынды дамуын қамтамасыз етуі керек екендігі ескерілген. Білім беруді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету жүйесін түбегейлі жаңарту, педагогикалық ғылымды ұйымдастыруды қайта құрумен, қазіргі қоғамның қажеттіліктеріне және алдыңғы қатардағы білім беру тәжірибесіне сәйкесіздігін жеңумен, білім берудегі инновацияларды қолдауда, жобалауда және сараптауда оның рөлінің артуымен, білім беруді үздіксіз жаңартуды қамтамасыз етуге байланысты [174].

Өзінің мәні бойынша, тұлғалық- бағытталған тәсілденестік педагогикада бар жас ұрпақты оқыту мен тәрбиесінің әлеуметтік-ортақ үлгісіне қарсы болып келеді [168].

Біріншіден, тұлғалық- бағытталған тәсіл студентпен қатынасқа түсетін мемлекеттік және қоғамдық институттарға қарағанда, студенттің қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыруға көбірек бағытталған. Екіншіден, мұғалім бұл тәсілді пайдаланған кезде жастар арасында әлеуметтік мінез-құлық қасиеттерін қалыптастыруға тырыспайды, керісінше олардың әрқайсысында өзіндік жеке қасиеттерін дамытуға ұмтылады. Үшіншіден, осы тәсілді қолдану білім беру үдерісінде субъективтік билікті қайта бөлуді болжайды, бұл педагогтар мен білім алушылар арасындағы субъект-субъекттік қатынастардың өзгеруіне ықпал етеді. Бүгінгі таңда қазақстандық білім берудің қазіргі заманғы жүйесінде, соның ішінде жоғары білім беру жүйесінде тұлғалық- бағытталған тәсіл барған сайын тұрақты орынға ие болып келеді. Бұл келесідей объективті жағдайларға байланысты: біріншіден, қазақстандық қоғамының қарқынды дамуында адамнан әлеуметтік типтегі емес жарқын тұлға болып, тез өзгертін қоғамда өз бейнесін жоғалтпай қалыптасуын талап етеді; екіншіден, психологтар мен педагогтардың айтуы бойынша заманауи жастарға прагматикалық ойлау мен іс-әрекеттер, еркіндік пен тәуелсіздік тән, ол өз кезегінде педагогтардан жастармен қарам-қатынас орнатуда жаңа тәсілдермен әдістерді қолдануды талап етеді; үшіншіден, барлық деңгейдегі қазіргі заманғы білім беру жүйесі жастар мен ересектер арасындағы қарым-қатынасты гуманизацияландыруды, олардың өмірін демократияландыруды қажет

етеді[18]. Сондықтан жасөспірім ұрпаққа тұлғаға бағытталған оқыту және тәрбиелеудің жүйелерін құру қажеттілігі анық.

Алайда, қайта құрудың қажет екенін түсіну, оларды жүзеге асыру үшін жеткіліксіз. Өз диссертациямызда біз осы тәсіл бойынша зерттеушілер мен тәжірибешілер жинақтаған білімді жүйелеуге тырыстық және олардың негізде «жалпы медицина» мамандығы бойынша медициналық жоғары оқу орын студенттерінің оқу практикасында оны қолдану шекарасын кеңейтуге тырыстық. Тұлғаға бағытталған тәсілменін анықтамас бұрын біз «тәсіл» ұғымын қарастыруға тырыстық. Педагогикалық басылымдарды зерттеу нәтижесінде, педагог-зерттеушілер осы тәсіл түсінігін пайдалану кезінде қандай мән беретінін толық түсіну мүмкін емес екенін анықтадық. Көптеген авторлар оның мазмұнын, құрамын және құрылымын сипаттауға айтарлықтай көңіл бөлмейді. Бұл жағдайда философияға бет бұру керек, өйткені онда көптеген ғылыми көзқарастар пайда болды, кейінірек олар педагогикалық ғылым мен практикасында қолдана бастады.

Көптеген жағдайларда, философтардың айтуы бойынша, адам қызметі бір емес, бірнеше бағдарға негізделеді. Әрине, оның таңдаған бағыттарының бір-бірінен айырмашылығы болмай, бір-бірін толықтыруы керек. Олар бірігіп, белгілі бір жағдайда және белгілі бір уақыт кезеңінде іс-әрекет стратегиясын құрайды және іс-әрекет тактикасын таңдауды ынғайлайды. Іс-әрекетте қолданылатын барлық тәсілдердің ішінен бір бағдар басым болатынын айта кету керек, ол арқылы адамның іс-әрекетінің өзгешелігі қалыптасады[1, 2, 3, 12, 65]. Көптеген зерттеушілер, тәсіл үш негізгі компонентті қамтиды деп есептейді:

- таным немесе жаңарту процесінде қолданылатын негізгі ұғымдар;
- жүзеге асырылатын қағидаларды бастапқы ұстанымдары немесе негізгі ережелері ретінде қарастыру;
- таным немесе жаңарту процесін құру тәсілдері мен әдістері.

Осы әдіснамалық ұстанымдардан біз тұлғаға бағытталған тәсіл мәнін қарастыруға көшеміз.

Тұлғаға бағытталған тәсіл- педагогикалық іс-әрекеттегі өзара байланысты түсінік, идеялар мен әрекеттер әдістер жүйесіне сүйене отырып, өзін-өзі тану, өзін-өзі құру және білім алушының өз бетінше өзін-өзі жүзеге асыру үдерістерін қамтамасыз етіп және қолдап, оның бірегей даралығын дамытуға мүмкіндік беретін әдістемелік бағдар болып табылады. Қалыптастырған анықтамада біз осы құбылыстың мәнін көрсетуге және оның маңызды аспектілерін ажыратуға тырыстық:

Біріншіден, тұлғаға бағытталған тәсіл ең алдымен педагогикалық іс-әрекеттегі бағдар болып табылады;

Екіншіден, педагогикалық әрекеттің түсініктерінен, тұжырымдамаларынан және тәсілдерінен тұратын кешенді білім беру жүйесі болады;

Үшіншіден, бұл тәсіл білім алушының жеке дамуын, оның субъективті сапаларының көрінуіне педагогтың үлес қосу ұмтылысымен байланысты.

Тұлғаға бағытталған тәсіл білім парадигмасының дәстүрлі білім беруінен ерекшеленеді.

Оның негізгі айырмашылығы, тұлғаға бағытталған тәсіл қарапайым білім беру, қажетті кәсіби икемділіктер мен дағдыларды қалыптастыру емес, жеке тұлғаның еркін ашылып дамуы ретінде оқуға деген көзқарасты қарастырады. Тұлғаға бағытталған тәсілді таңдау жастардың бойында жарқын қасиеттердің дамуы мен көрініс табуына ынталандыру ниетімен байланысты, ал білімді таңдау – әлеуметтік типтік тұлғаны қалыптастыруға бағытталған педагогикалық үдеріспен байланысты. Бұл екі тәсіл арасындағы осы негізгі айырмашылық болып табылады.

Тұлғаға бағытталған тәсіл құрлымында бірнеше компоненттерді ажыратуға болады. Бірінші компонент - педагогикалық іс-шараларды жүргізу кезінде негізгі құрал болып табылатын, негізгі түсініктер, олар педагогқа педагогикалық процесті мағыналы және негізделген түрде құруға мүмкіндік береді.

Олардың педагог санасында болмауы немесе мағынасын бұрмалау қарастырылған бағдарларды саналы және мақсатты түрде педагогикалық іс-әрекетте қолдануды қиындатады немесе тіпті мүмкін емес етеді. Тұлғаға бағытталған тәсілдің негізгі түсініктеріне келесілерді жатқызуға болады:

даралық- адамның немесе топтардың қайталанбас өзгешелігі, оларды басқа индивидтерден және адамдар қауымдастықтарынан ерекшелендіретін, тек өздеріне тән ерекше және жалпы сипаттардың бірегей үйлесімділігі.

жеке тұлға- адамның әлеуметтік мәнін сипаттайтын индивидтің тұрақты қасиеттер жиынтығы ретінде көрініс табатын үнемі өзгеріп тұратын жүйелі сапа;

өзін-өзі жасаған тұлға-өзінің шынайы бейнесінен тартынбауды саналы және белсенді түрде жүзеге асыратын, өз мүмкіндіктері мен қабілеттерін толық ашуға ұмтылатын адам;

өзін-өзі көрсету- индивидке тән сапалар мен қабілеттердің даму және көріну процесі және нәтижесі;

субъект- саналы және шығармашылық белсенділікке, таным және өзін, қоршаған болмысты өзгертуде еркіндікке ие индивид немесе топ;

субъектілік-, жеке немесе топтық субъект болу қабілетін бейнелейтін және іс-әрекетті жүзеге асыруда белсенділік пен таңдау еркіндігі көрінетін жеке адамның немесе топтың сапасы;

«Мен-концепция»-адамның саналы өзі туралы түсініктер жүйесі, оның негізінде адам өзінің өмірін, басқа адамдармен қарым-қатынасын, өзіне және өзгелерге деген қатынасын құрады[17, 55];

таңдау- адам немесе топ ұсынылғанның арасынан өз белсенділігін көрсету үшін қажет мүмкіндіктерді іріктеп жүзеге асыру;

педагогикалық қолдау-баланың жеке, дене және психикалық денсаулығымен, қарым-қатынасымен, оқудағы жетістікке жетудегі, өмірлік және кәсіби таңдауына байланысты мәселелерді шешу бойынша педагогтың жылдам көмек көрсету іс-әрекеті;

Екінші компонент - жасөспірімдерді оқыту мен тәрбиелеу үдерісін қалыптастырудың бастапқы ұстанымдары мен негізгі ережелері, тұлғалық-бағыттылған оқытудың принциптері:

Маныздану принципі. Әр адамның өздерінің интеллектуалды, коммуникативті, көркем және физикалық қабілеттерін іске асыру қажеттілігі бар. Студенттердің өздерінің табиғи және әлеуметтік жетістіктерін ашуға және дамытуға деген ынтасын көтермелеу және қолдау маңызды;

Жеке басының принципі. Оқу орнының басты міндеті студенттің және оқытушының жеке басын қалыптастыру үшін жағдай жасау болып табылады. Студенттің жеке ерекшеліктерін ескеріп қана қоймай, одан әрі дамуына ықпал ету керек. Әрбір адам өз қалпында, өз бейнесін табуы керек;

Субъектілік принципі. Даралық тек қана субъективтілікке ие және оларды өз іс-әрекетінде, қарым-қатынаста және қатынаста шебер пайдаланатын адамға тән;

Таңдау принципі. Жас адамның тұрақты таңдау жағдайында өмір сүріп, білім алып және тәрбиеленуі, педагогикалық тұрғыдан алғанда дұрыс болады, ЖОО-да оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру мазмұны, формалары мен әдістерін, мақсатын таңдауда субъективті әрекеттерге ие болу орынды[63, 64]; Шығармашылық пен табысқа жету принципі. Жеке және ұжымдық шығармашылық белсенділік жастардың жеке қасиеттерін және оқу тобының даралығын анықтауға мүмкіндік береді. Шығармашылық аркасында жас студент өз қабілеттерін ашып, өзінің жеке басының «күшті» жақтары туралы біледі. Бір немесе бірнеше іс-әрекетте жетістікке жету жас адамның жеке «Мен-концепциясын» қалыптастыруға ықпал етеді, оның өзінің «Мен» дегенін ары қарай өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі дамыту арқылы одан да ынталандырады;

Ынталандырып оқыту принципі, оқуға ынталандыру сыртқы компоненттерден (студент үшін оқыту мақсаттарын анық және түсінікті негіздеу), сонымен қатар ішкі компоненттерден (адамның өзінің ішкі мүмкіндіктерін белсендендіру және кәсіби салада өзін-өзі жетілдіру тілегі) тұрады.

Тұлғалық-бағыттылған тәсіл үшінші компонент- бұл педагогикалық іс-әрекеттің ең дұрыс тәсілдерін қамтитын технологиялық компонент. Профессор Е.В. Бондаревскаяның пікірінше тұлғаға бағытталған тәсілдің технологиялық қорын, диалогтық, іс-әрекеттік-шығармашылық сипат сияқты талаптарға сәйкес келетін әдіс және тәсілдер құрайды, олар баланың жеке бас дамуына бағытталған, білім алушыға өз бетінше шешім қабылдауға, оқу және жүріс-тұрыс мазмұны мен тәсілдерін таңдауға еркіндік беру қажет.

Көптеген педагог-зерттеушілер осы қорға диалог, ойын және рефлексивті әдістер мен тәсілдерді, сонымен қатар баланың өзіндік дамуымен іске асыру процесінде педагогикалық қолдау тәсілдерін енгізуге бейім болады[8, 13, 14, 15, 19, 20, 28].

Тұлғаға бағытталған технология рефлексия әдісін кең қолданады. Адамның күнделікті сана-сезіммен жұмыс істеу, оның күмәнге және тербеніске толы ой-санасына сүйенусіз мүмкін емес. Өз ойын ұйымдастыру бойынша, рефлексия үлгілерін педагог өзі көрсетуі керек: дұрыс шешімдерді, тұжырымдардың

дайын үлгілерін ғана емес, сонымен қатар оған қалай қол жеткізгенін көрсету[21].

Алынған нәтижелерден оған жету рефлексия процессіне назар аудару-тұлғаға бағытталған білім берудің айрықша ерекшелігі.

Т.В. Фролова тұлғаға бағытталған тәсілді диагностика және өзін-өзі диагностикалау әдістерісіз оқытуда және тәрбиелеудепайдалану мүмкін емес деп санайды. Е.И. Казакова және А.П. Триапицин мұндай іс- әрекеттің маңызды құралдарының бірі деп жетістікке жету жағдайын жасау әдісін есептейді.

Тұлғаға бағытталған оқытудың негізгі мақсаты, әр адамның қайталанбас даралығын мойындау, студенттік топқа «орташа студентке» бағытталмай, әр кайсысына бөлек, олардың студенттік, жеке танымдық мүмкіндіктеріне, қажеттіліктеріне және қызығушылықтарын ескере отырып жұмыс жасауға мүмкіндік беретін психологиялық-педагогикалық шарттар жүйесін жасау болып табылады[49, 50, 51].

Студентке арналған тұлғаға бағаттылған тәсіл кезінде, оған оқыту материалын зерделеу әдісін еркін таңдау құқығы беріледі. Сонымен практикада жеке тәсіл шағын студенттер тобына ғана емес әр студентке қатысты жүзеге асады. Тұлғаға бағытталған оқу процесінде «баға» мен «бағалау» арасындағы айырмашылық айқын көрінеді.

Баға дегеніміз не? Бұл білімдерді, дағдыларды, икемділіктерді меңгеру мазмұнына және деңгейіне, жалпы оқу сипатына қойылатын әлеуметтік талаптарды бейнелейтін өзгеше бағдар. Бағаның функциялары әртүрлі. Олардың ішінен - бақылаушы және ынталандырушы деген екі негізгісін ажыратуға болады.

Бақылаушы функциясы оқытудың барлық кезеңдерінде жүзеге асады (кортынды, сабақ сайын бақылау, түрлі нысандар және т.б. өзіндік, бақылау, үй тапсырмаларының түрлі түрлері мен формалары). Егер бағаның бұл функциясы жүйелі түрде іске аспаса, онда ол өз мәнін жоғалтады.

Баға оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынастың сипатын жиі көрсетеді, тіпті оқытушының студентке деген эмоционалды қатынасы да. Ол көбінесе білім үшін емес, мойынсұнбау, талаптарды сақтамау, дөрекілік, зейін қоймаған және т.б. үшін қойылады.

Сонымен қатар баға студенттің қорытынды (соңғы) игерген нәтижесін, студент қол жеткізгенін («шешті-шеше алмады», «дұрыс-дұрыс емес орындаған» белгілейді. Әрине, онда нәтижеге жету процесі ұсынылған, бірақ жасырын түрде.

Бағаның басқа маңызды функциясы- ынталандырушы. Ол студентті өзін-өзі жетілдіруге итермелейді. Оқу материалын игеру бойынша таңдалған және белгіленген баға талаптарына бағыттап отырып, студент оларға жақындауға, қол жеткізуге тырысады және жиі жағдайда ол үшін көп күш пен уақыт жұмсайды. Жоғары баға алу үшін негізгі ынталандырушы фактор «еңбек ету» феномені болып табылады. Кейде оқытушы студентті ынталандыру үшін саналы түрде бағаны жоғарылатады немесе төмендетеді. Қойылған бағаға қарай студент өз әрекетін өзгертеді-әдетте оны өзертуге ұмтылады, яғни

тәртіпті болуға, барлық талаптарға үнемі сай және т.с.с. әрекеттер жасауға тырысады[45].

Бағаның ынталандырушы және бақылаушы функциялары тығыз байланыста болуы қажет. Егер ол байланыс бұзылса, онда баға студенттің оқу әрекетін реттеуден айрылады.

Тұлғаға бағытталған оқытуда бағалау мен баға арасында қандай ұқсастық пен айырмашылық бар? Бір нәтижеге әртүрлі тәсіл: рационалды және рационалды емес арқылы жетуге болатындығы бәрімізге мәлім. Мұндайды баға жиі белгілемейді, ал студенттің мүмкіндіктерін бағалау дәл осыған негізделеді, яғни үнемі жеке өзгеше болатын нәтижеге жету процесін талдауға.

Оқушылар жоғары бағалайтын «еңбек ету» феномені студент кезде іске аспайды, өйткені студенттер уақыт көп жұмсау (материалдың көлемі көбееді, яғни жүктемеде артады) арқылы бұл жағдайдан шығу мүмкін емес екенін түсінеді.

Сондықтан студенттердің өздері шыдамдылық пен ұқыптылық сапаларына қарағанда, жасампаздық пен оқу жұмысын ұтымды жүзеге асыру қабілетіне мән береді. Оқытушы дәл сол нәтижені бағалайды және оны сәйкес бағалайды. Жиі жағдайда оқытушы қойған баға мен студенттің өз жетістіктерін бағалауы арасында сәйкессіздік пайда болады. Студент жұмыс процесін көбірек бағалайды, ал оқытушы - оның соңғы нәтижесін.

Жұмыстың процессуалдық жағын бағалау, оқытушыдан студенттердің оқу жетістіктерін бағалауда басқа тәсілдерді талап етеді. Ол үшін оқытушы, ол - бұл процесті белгілеуге мүмкіндік беретін арнайы дидактикалық материалға ие болуы керек (ол үнемі жеке болады), күшті және әлсіз жақтарын ажырата білуі, жіберілген қателіктерді талдауы, оларды жұмыс барысында түзетуі, яғни процестің өзін анықтап, бағалауы қажет. Бұл жағдайларда баға жай ғана жұмыс нәтижелерін белгілемей ғана қоймай, диагностикалық және болжау функциясын атқарады[68, 69].

Тұлғаға бағытталған оқыту үшін студенті басқа студенттермен бағдарланған оқыту үшін бағалау критерийлері оқушының өзімен бірігіп бағалау емес, оның өзін тұлға ретінде дамуының түрлі кезеңдерінде өзімен өзін салыстырып, яғни оның қалыптастыру динамикасында бағалау маңызды болады. Бұл тәсілді іске асыру, оқытудың барлық нәтижелеріне міндетті бағалау үшін қабылданған критерийлеріне сәйкес келмейтін арнайы критерийлерді әзірлеуді талап етеді.

Көптеген студенттер ауқымды білімдер иелері екені белгілі, бірақ олар құбылыстарды және әлеуметтік өмірдегі жағдайларды бағалауда сыншылдық пен тәуелсіздік танытпайды, алған білімдерін өз әрекеттері мен істерінде басшылыққа алмай, өзінің оқу еңбегін ұйымдастыруда әлсіздік танытады.[125].

Бағалаудың дидактикалық және психологиялық критерийлері өзара сәйкес келмейтінін атап өткен жөн.

Бағалаудың дидактикалық критерийлері, негізінен, білімді игеру деңгейлері мен қолдану сипатын белгілейді.

Бағалаудың психологиялық критерийлері білімді меңгеру деңгейін емес, олардың мазмұнын меңгеру үшін ұйымдастырылған іс-әрекеттің сипатын

ескеру керек. Әр студенттің ақыл-ой іс-әрекетін талдау және бағалауға бағытталған критерийлерсіз, оқыту процесі кезінде адамның даралығы қалыптасуын есептеу қиынға түседі.

Жоғарыда айтылғанды қортындылай отырып, студенттерді тұлғалық-бағыттап оқытудың ерекшеліктерін ажыратайық:

- студентті өз бетінше ізденуге, өзіндік жұмыс жасауға, өз бетінше жаңалықтар ашуға бағыттауды қамтамасыз ету;
- оқыту процесінде бейімділіктері мен қалауларын анықтау және есепке алу;
- таным процесінде студенттердің танымдық стратегияларымен жұмыс ұйымдастыру;
- түрлі үлгерімі бар студенттер үшін айрықша ерекшеліктері бар дидактикалық материалдарды пайдалану;
- әр студент үшін есептелген білім көлемін анықтау, студенттің танымдық ерекшеліктерін ескере отырып және соған сәйкес оқу материалдарын таңдау;
- оқу материалының күрделілігі студент таңдай алады және оқытушы оны өзгертуі мүмкін;
- әрбір студенттің мүмкіндігі мен қабілеттерін ескере отырып, белсенділігін қамтамасыз ету;
- студентке топпен немесе дербес жұмыс жасауға таңдау құқығын аңдасанда беру;
- студенттің танымдық ерекшеліктерін ескеріп оқу материалдарының тақырыптарын түзету;
- заңдылықтарды анықтау, оқытушы мен студенттердің бірлесіп қатысуымен проблемаларды шешу жолдары;
- өзінің танымдық іс-әрекетін бастапқыда студенттің өзі, содан кейін оқытушының бағалауы;
- оқытушы мен студенттердің процесі бағалаудың сандық және сапалық әдістерін және таным нәтижелерін бірлесе пайдалануды ұйымдастыру: әдістерді, нақты нәтижелерді, бастапқы және аралық нәтижелер арасындағы нақты айырмашылық көлемін есепке алу;
- студентке өзіндік жұмыстың және үй тапсырмасының көлемін, күрделілігі мен формасын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету;
- студенттер өздері талдау жасау үшін әдебиеттерді таңдауы және алған білімдерін сабақ барысында оқытушымен бірге талдау және келістіру;
- студенттердің танымдық стратегияларды саналы меңгеруін оқытушы тарапынан бақылауы;
- студенттер арасында зерделенген стратегиялармен және таным тәсілдерімен алмасуды ұйымдастыру;
- О бастан студентке қосымша білім алу үшін түрлі шығармашылық тәсілдердің авторы болуға мүмкіндік жасау;

- оқытушының өз оқыту стилін білім алушының танымдық қалауымен және когнитивті стилімен келісуін қамтамасыз ету [81, 83, 178].

1.3 Медициналық ЖОО студенттерін тұлғаға бағыттап оқыту моделін іске асыру

Еліміздегі жалпы медициналық қызмет жүйесі, оның ішінде жоғары медициналық оқу орны біздің қоғамымыздың барша экономикалық және әлеуметтік өмірін жетілдірудің аса маңызды жағдаяты болған денсаулық сақтау мен тәлім-тәрбиелік ілгерілі дамуына көмектесумен медициналық кадрларды жаңа жағдайда қызмет атқаруға дайындауда талай модернизациялау талаптарын алға тартуда, әрі оларды шешу амалдарымен айналысуда. ЖОО жұмысының стратегиялық бағдарламасы медициналық білім-тәлімді жақсарту, мамандардың теориялық және практикалық дайындығына елеулі күш-қуат беру арқылы денсаулық сақтау сапасын түбегейлі жоғарылату міндеттерін шешуде. Жоғары медициналық оқу орны түлектері адам организмін біртұтастықта осы заманға сай әдістер және технологиялармен диагностикалап, емдеу амалдарын орындаудың арқасында өз еңбегінің нәтижелілігіне мүдделі болуы шарт. Бұл орайда басты міндеттердің бірі – медицина қызметкерлерінің бойында жоғары адамгершілік пен азаматтық сапаларды тәрбиелеп, қалыптастыру [165,170,173]. Мұның бәрі білім-тәлімнің жаңа инновациялық типіне өтуді қажет етеді. Бұл қажеттілік-талаптар мәні келесідей:

- Оқу-тәлім мазмұнын ұйымдастыруда пәнаралық сипат ұстану;
- Студенттің жүйелі ойлау мәдениетін қалыптастыру;
- Оқыту мазмұны мен әдістерін студенттің түбегейлі жаңа технологиялар жасау қабілетін дамытуға бағдарлау.

Медициналық ЖОО жұмысын бағалау критеріі – мамандар дайындығының сапасы. Ал ондай сапа ЖОО түлектерінің тереңдей кәсіпқойлығынан және жоғары руханилығы мен адамгершілігінен көрінеді.

Мұндай міндетті бүгінгі мезет кезеңінде шешу біршама қиындық туғызады, себебі осы уақытқа дейін оқу орындары мен ғылыми мекемелер, практикалық медицина араларындағы алшақтық үзіліс сақталуда. Өз уақытында ЖОО-ын жасанды жолмен тәрбие функцияларынан айырғандықтан оқыту және тәрбие арасында белгілі ажырау бар. ЖОО-да тәрбие істері енді ғана ресми міндет ретінде танылып келе жатыр. Ел болмысының бүгінгі кезеңдік ерекшеліктеріне орай дәрігердің қоғамдағы кәсіби функциялары айтарлықтай күрделеніп, өріс алуда. Бұл сандық та, сапалық та көрсеткіштерімен анықталуда.

Сондықтанда көрсеткіш дәрігер зиялылардың әлеуметтік рөлінің күшейіп, артқандығынан хабар береді. ХХ-ғасыр денсаулық сақтау жүйесі сырқат адам-дәрігер парадигмасына негізделген науқас орайлас концепциясын бетке ұстаса, ХХІ-ғасырда саламаттыққа орайласқан концепция қабылдануда. Бұл жүйедегі басты парадигма – азамат-дәрігер-салауатты қоғам.

Бүгінгі кездегі дәрігердің функцияларын үш топқа бөліп қарастыруға болады. Олар:

1. Емдеу – сақтандыру.

2. Психологиялық – ағартушылық.
3. Әлеуметтік – ұйымдастырушылық.

Бірінші топ болашақ дәрігерлерді дайындау барысында қойылатын дәстүрлі және салыстырмалы жаңа міндеттерді қамтиды. Тұрғындардың жұмыс қабілеттілігін көтеру үшін сырқатқа қарсы күресу, дәрігердің медициналық қана емес, сонымен бірге экономикалық функциясында атқаратынын танытады. Дәрігер интеллектісі қоғамдық ұжымдар мен мемлекеттік органдардың экологиялық қозғалысына араласуда. Дәрігерлердің төтенше жағдайлардағы қызметі күш алуға. Бұған себепші жиілеп бара жатқан апатты ситуациялар. Өз кәсібіне орайлас мұндайда дәрігерлер апатты жұмыстардың алғашқы қатысушыларының бірі.

Осылайша, дәрігерлердің экономикалық функциялары саясат қызметтеріне ұласады, яғни « адам-адам » жүйесіндегі іс-әрекет дәрігер (тармағында) ұғымынан « адам-қоғам » жүйесіндегі іс-әрекетпен дәрігер ұғымына (кең мағынадағы) ауысады. Бүгінгі күнде екінші концепция едәуір күш алып жатыр.

Екінші топ дәрігерлердің психологиялық – ағартушылық қызметтерін қамтиды. Бұл суицид, яғни адамның өз-өзіне қол салу жәйттерінің көбеюімен, жүйке-психикалық қалыптарының бұзылысымен байланысты. Денсаулық сақтау органдарына түсіп жатқан арыздардың үштен бірі мамандардың диагностикалық – емдеу қателіктерінен болмай, олардың этика-деонтологиялық принциптерді сақтамауынан туындауда. Бұл проблема дәрігерлік этика заңдарын білмеуден пайда болып жатқан жоқ, оларды нақты тұлғаға, әсіресе сырқат адамға, орайлас пайдалануды білмеудің себебінен болып отыр. Демек, болашақ дәрігер психологияның нақты салаларын - жалпы психологияны, жас шақтары психологиясын, әлеуметтік- медициналық психологияны- мұқият зерттеп, игергені абзал. Дәрігер психо-диагностика, психикалық реттеу әдістерін меңгеріп алуы, өзінің психикалық беделі мен сырқат адамның психикалық қалпын тереңдей танып, оны білгірлікпен пайдалануы тиіс. Бүгінгі таңда ЖОО оқу-үйретім жоспарына психология және педагогика, медициналық психология курстары, жоғары сыныптарда, сонымен бірге дипломнан соңғы білім-тәлімге электив пәндер ретінде енгізілген. Аталған бағдар, негізінен, емдеу және педиатриялық факультеттерде өз таралымына ие болды.

Үшінші топ – әлеуметтік – ұйымдастырушылық функцияларды орындау. Дәрігер елдің шеткері аймақтарында жалғыз-ақ интеллектісі өкілі. Олар жергілікті тұрғындармен әлеуметтік, мәдени, саяси жұмыстар мәселелерін шешуіне тура келеді. Дәрігерлер мемлекеттік білік пен басқару органдарында айтарлықтай орын иеленген, денсаулық сақтау, медициналық көмек көрсету, клиникалық мекемелердің ұйымдастырушылары да солар. Осыдан, дәрігер жақсы басқарушы, өз жұмысында да әріптестерінің, кіші, орта медициналық жұмыскерлердің ісін ұйымдастыра білуі шарт.

Болашақ маманның жоғарыда аталған кәсіби функцияларын ескере отырып, «медициналық және фармацевтикалық білім-тәлімді гуманитаризациялау, дәрігерлік интеллектісінің білім-тәлім, мәдениет және

өмірлік салтының озық дәстүрлерін қайта тіктеу және дамыту; жалпыадамзаттық құндылықтар, руханилық, қайырымдылық және адамгершілік салтын жаңғырту міндеттері алға тартылады»(55,148,150).

Медициналық ЖОО-да гуманитаризация процесі түгелдей шектеулі. Ол гуманизм тәрбиелеу бағдарында, адамды аса жоғары құндылық ретінде тану мәнінде әбден болымсыз. Медициналық тәлім-тәрбиенің негізгі нысаны адам, осыдан оны ең алдымен жаратылыстану ғылымдары позициясынан қарастырады, ал бүгінгі заман талабы оқу-тәлімдік процесте адамды үш бірлік тұрғысынан зерттеудің қажеттігін алға тартады. Ол бірліктер:

- жан және тән
- тұлға және қоғам
- адам және табиғат

Біз медициналық білім-тәлімді гуманитаризацияластырудың үш бағытын жетекші ретінде атау жөн деп есептейміз. Олар:

1. Теориялық және практикалық пәндерді оқытудың гуманитарлық бағдар-бағытының күш қуатын арттыру
2. Таза гуманитарлық пәндердің аймағы мен көлемін ұлғайту
3. Студент тұлғасының даму ортасын гуманитаризациялау, яғни институттар өмірі мен іс-қызметтерінің барша тараптарына адамишылдық сипат беру.

Кәсіби құзіреттілік, азаматтық жауапкершілік, құқықтық жеке сана, руханилық пен мәдениеттілік ынталылық, шыдамдылық, бәсекелестік, кәсіби ауысымдылық және тұлғаның әлеуметтік-кәсіби дамуы, еңбек нарығында белсенді икемдесе білу қабілеті – аталғандардың баршасы дәрігер-маман алдына тартылатын сан алуан талаптардың бір бөлігі ғана.

Осылайша, медициналық ЖОО студенттерін оқыту процесіндегі басты ерекшелік – бұл дәрігердің жетекші гуманистік кәсібінің келесідей құрамдастықтан тұратын моделін пайдалану:

- диагностика, профилактика және сырқаттарды емдеу шаралары саласындағы кәсіби білімдер, ептіліктер, дағдылар;
- профилактика, диагностикалық және емдеу іс-қызметтерінде негізгі бағдар болатындай кәсіби логикалық жүйелі ойлаудың ерекше типі ретіндегі клиникалық ой;
- маман тұлғасын бейнелейтін гуманистік, моральды-ізгілікті, диентологиялық сапасы;
- байланысқа түсу қабілеті, науқас адаммен, қызметтегілермен тіл табысу үшін ерекше амалдар жасау;
- дәрігердің аталған кәсіби сапа бірліктерін табысты қалыптастырылуына студентті тұлғаға бағытталған оқыту-тәлімінің салыстырмалы жаңа типіне қатыстыру (шомдыру) қажет

Дәрігердің ерекше табысты өзгелер қасіреттерімен кездесе отырып, олардың қайғысымен ортақтаса білу ептілігі және оларды қолдай білуді қаталшыл, байсалды бола тұрып, өзінің тұлғалығын жойып алып,

немқұрайлылыққа берілмеу. Мұндай ептілік психологиялық дағдымен салыстырғанда қандайда бір жоғары қасиет.

Тұлғалық тұрғыдан оған дейін өсіңкіреу керек, ал бұл болашақ дәрігердің тұлғалылығы және өмірбаянына ғана тәуелді емес, одан өзге оның кәсіпті қалай үйреніп жатқанына байланысты. Айтарға өкініштісі, студенттердің кейбір бөлігі оқу-үйрену жолдарынтек өмірдің уақытша ған бір бөлігі деп қарастырады.

Қай жағдайда ЖОО-дағы, оқу-үйренім мәнді де саналы болады? Қандай шарт-жағдайлар бұған жасауы мүмкін? Кәсіби өзіндік бойтіктеумен, кәсіби позицияның қалыптасуымен, кәсіби сәйкестікті іздестірумен байланысты мұндай сұрақтар тұлғаға бағыттап оқыту-үйрету жүйесінде қойылады және шешіледі.

Тұлғаға бағыттап оқыту –үйретудің орайлық тетігі өзінді өзін тану; адам өз бойында ненің барын және оны қалай өзгерте алатынын түсінуі үшін өзін жақсы тануы тиіс. «Егер біз өз бойымыздағы қандайда бір затты көре алмасақ және оған құлақ салмасақ, онда біз сырт денедегі мейлі ол ойынға болған құмарлық, ақындық шабыт, эстетик сезімталдық, алғашқы шығармашылдық немесе тағы бір сол сияқты нарселер болсын, онда біз бәрінде көре алмаймыз, құлақ қоюданда махрұмбыз»[104,183].

Медициналық ЖОО-дағы оқу-үйрету процесі түбегейліден тұлғаға бағыттап оқыту-үйретуден хабарсыз. Бұл оқыту-үйрету процесінде студенттердің профильді пәндерден алынатын білімдер мөлшерін көбейтіп, оларды тереңдете түсуге «құмарлықтан» байланысты болып отыр.

Психология, педагогика, білімдерді қабылдау және игерумен бірге іргелес жүретін пәндер «екінші қатарға» ысырылды, осының салдарынан ұстаз және шәкірт, түлек-маман және пациентпен байланыс естен шықты. Тек соңғы жақын уақыттарда оқу-үйретім процесін тұлғаға бағыттап бұруға деген ықыласты жүз беру: медицина факультетінің осы пәндердің бағдарламасына енуімен профильді, экономикалық, саяси, оқу-тәлімге арқа сүйеуші психологиялық, жеке-дара, тұлғалық ерекшеліктерге, болған синергиялық көзқарас бой тіктей бастады. Оқыту-үйрету жоспарына психология және педагогика, медициналық психология, жоғары курстар мен дипломнан соңғы білім-тәлім жүйелеріне электив пәндер енгізілді.

Бұрын тек сырқатты, жарақатты ғана емдеу ісімен тар бағдар шеңберінде айналысқан дәрігер-педагогтар, енді психологиялық, тәрбиелік және тұлғаға бағдарлау процестерінің басын қосып, пациентті тұтастай аяққа тұрғызудың гумандық іс-қызметтеріне ден қойды.

Оқу-үйретім субъекттерінің өзіндік білім көтеруге, өзіндік бой тіктеуге, өзіндік дербестігі мен өз бойындағыларды іске асыру қабілеттерін дамытуға қажетті шарттар жасалатын шәкірттері мен педагогтардың өзара әрекеттестігіне негізделетін тұлғаға бағыттап оқыту-үйрету ерекшеліктерінен бастау алудан студенттердінде, педагогтардың да бірлікті дамуына жағдайлар түзілуі мүмкін.

Медициналық факультеттердегі оқыту-үйрету процесінің тұлғаға бағытталған әдіске өтуі, төменде келтірілген принциптер ретінде арқау қылған жаңа технологияларға өтуін көрсетеді:

- студенттердің оқыту-үйрету мақсаттары мен міндеттерін қабылдауына жағдай жасайтын арнайы әрекет (амалдарының) болуы, яғни соңғы нәтиже жөнінде түсініктің қалыптасып, олардың ішкі жан ниетіне айналуы;
- оқыту-үйрету мазмұнын жеке тәжірибе, мүдделер, құндылықтар, қабілеттер мен шәкірттер мүмкіндіктеріне тәуелді танымдық және практикалық міндеттер, ситуациялар, жобалар, жаттығулар жүйесі арқылы игеруі;
- жеке білім-тәлімдік бағыт-бағдарды жоспарлау және іске асыруда студенттердің өздерінің оқу-кәсіби іс-әрекеттерінің ізбе-ізділігін, логикасын, оқу-кәсіптік қызметтерді орындау кезеңдерін түсінуі;
- кәсіби процесс қатысушыларының кезеңдік игеруі мен менгеруін ұстаз бен шәкірттің бірлікті қызметі әдісін қолданумен орындау (кәсібін іс-әрекеті моделіне келтірілген міндет, мәселелерді, оқыту инструктажын, студенттің өзіндік жұмысын ж.т.б.)
- позициялар мен ұстанымдарды үйлестірудің барша кезеңдеріне студенттер мен педагогтарды оларды өз ықылас -ынтасына (мотивтеріне) сәйкес қосып бару;
- қатаң аргументтелген және студент еркіндігіндегі шығармашылдық бірлікті шәкірт-педагог қатынасын оңтайластыру;
- болашақ кәсіпке оқу-үйренудің және өзіндік шешімдер мен әрекеттердің болып қалар нәтижелері мен аяқталуын болжастыру және күні ілгері бағдарлау ашықтығы;
- іс-әрекеттің табысты игерілуінің бірлікте түзілген критерийлерімен ұстаз және шәкірттің бағаларының сәйкестілігін ескерумен сырттай бағалау орнына басымдылықты өзіндік бақылауды қалыптастыруға ауыстыру[44,60,72,75,78,81].

Жоғарыда аталғандарды қорыта келіп, айтарымыз, медициналық ЖОО студенттерін тұлғаға бағыттап оқытудың іске асуы адам өмірінің әр сәтін айқындаушы сыртқы және ішкі қалыптардың, объектив және субъектив ықпалдарының бірлігімен анықталатын оқу-үйретім процесіндегі тұлғаға бағытталған ситуацияларды түзумен қамтамасыз етіледі. Осыдан, бүгінгі студент-медикті болашақтың жаңа форматты дәрігері болуы үшін заманауи оқыту-үйретуді түгелімен инновациялық бағытты тұлғаға бағдарлап тәрбиелеу адамның тұлғалық сапа қасиеттерін приоритетті ұстанған интеллектуалды , индустриалды жаңарған қоғам талабы.

1.4. Медицина факультеті студентін тұлғаға бағыттап оқыту моделі.

Жалпы дәрігерлік тәжірибе факультеті студентін бүгінгі заман талаптарына сәйкестендіріп, болашақ медицина маманы тұлғасына бағыттап

оқытудың моделін түзу үшін біз модельдеу әдісін қолдандық. Мұндай әдіс қандай да бір нысанның сипаттамасын зерттеу үшін жасалған екінші бір нысан (модель) бойында жаңғыру үшін пайдаланылады. Модельдеу әдісі зерттелуші нысанның біртұтастығын сақтап қалуға, оның құрылымдық, ішкі және сыртқы байланыстары ерекшелігін ескеруге, диагностикалық кезеңнен модельдің өзін іске жарату дәуіріне дейінгі барша сатылардағы әрекеті мен тұтастығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Модельдеу әдісінің құрылымы болашақтағы модель мен қазіргі зерттелуші нысан арасындағы сәйкестікті назарда ұстауға негізделеді.

Біз қарастыратын модель мәні – « Зерттелуші нысанның алға белгілеген танымдық мақсатымызға сәйкес маңызды қырларын (элементтерін, қасиеттерін, қатынастарын, параметрлерін) қайта жаңғырту және осыдан, онымен ауыстыру қатынасында болып, ұқсатуға келетін жүйе деп білеміз... Бұл нақты нысанды зерттеп, ол жөнінде білік топтаудың жанама тәсілі қызметін атқарады» [119]. Модельдеу функциясының атқаратыны – болашақтағы дәрігер сапа, қасиеттерін күні ілгері болжамдауға негіз қамтамасыз етеді. Себебі оқу – тәлімдік процесс ағымы өте қозғалысты (ауысымды), осының салдарынан әрқандай әрекетті болашақтағы қалыпқа сәйкестендіріп, реттеу қажеттігі туындайды, себебі білім – тәлім – субъектті болашақ әлеуметтік өмір мен қызметке дайындау жүйелерінен құралады.

Ғылыми әдебиеттерді талдау көрсеткендей, бұл мәселе жан – жақты зерттелген әрі көптеген модельдердің практикада орын алғанын айғақтайды[32,33,76,86,93]. Бұл модельдердің баршасы өз негізіне болашақ мамандарын дайындауды негізге алып, олардың бұдан былайғы іс – қызметін назарға алған, дегенмен олардың баршасы техникалық сала педагогтары мен кәсіпкерлерін дайындауды бетке алған, осыдан олардың бәрі де жалпы медициналық тәжірибе мамандарын тұлғаға бағыттап оқытудың біртұтас мазмұнын көздеп, мәселелер шешуге бағытталмаған, әрі ЖОО дайындығы кезеңіндегі кәсіби өзіндік бой тіктеу проблемасын қозғамайды.

Болашақ дәрігерлерді дайындаудың тұлғаға бағытталған моделін жасаудың негізіне кез – келген білім – тәлімдік процесс мақсаты болған тұлға жөніндегі тұжырымдар және сол процесс мазмұны мен әдістері, олардың тұлғалыққа бағдарланған жүйелері жөніндегі ережелер алынды [105,118,127,143,144].

Болашақ маманын дайындау процесінің өзі тұлғаны қайталап, жасамайды, қалыптасқан нышандардың дамуын, өсуін, бағыт – бағдарын, игерілген тәжірибенің психологиялық ерекшеліктерін қозғап, күш – қуат береді. Студенттерді оқыту процесінде ерекше назар шәкірттің тұлғалық сапаларына аударылады, яғни ұстаз және оқушы арасындағы байланыстың жаңа құрылымын тіктейді де, осы қызметті атқару барысында екі субъектте кез – келген ситуациялық және педагогикалық міндеттердің жолын іздестіреді[103,106]. Мұндай оқыту – тәрбиелеу бағытының негізгі мақсаты болашақ дәрігер бойында оқу – медициналық іс – тәжірибе барысында өз мүмкіндіктерін көрсете, паш етуге көмектесу. Студенттің оқу-тәлім процесінде

егеменді субъект есептелетіні жөніндегі көзқарастарды ғылыми тұрғыдан ойластыра түсінудің мәні – бұл студенттің оқу процесінде концептуалды негіз қалыптастырып, жетекші сатыларға өзінің меншікті позициялық қалауын алға тартып, жасампаздық даңғылына шығуға өз мүмкіндіктерін көрсете біліп, бой тіктеуіне қажетті жолдарды табуға жәрдемдесу[94,96,100,107,108].

Таңдалған бағыт студенттің тұлғалық бағдарда әлеуметтене қалыптасуына мүмкіндік ашатын оқу-тәлімдік іс-әрекет моделінің негізін айқындайды. Осыған орай болашақ практикалық іс-қызметтің күні ілгері жобаланған ситуацияларына шегеленіп қалмай, өзіндік бой тіктеу, меншікті позицияларының өзіндік рефлексиясына негізделген мүмкіндеріне бағыттап, жол көрсету және педагогтар мен студенттердің жоғары дәрежедегі диагностикасымен нығайту.

Тұлғаға бағытталған дайындық, біздің пікірімізше, әрбір жеке студенттің мүддесіне орай негізделе атқарылуы тиіс. Мұндай процестің қозғаушы тетігі мектеп қабырғасында қалыптасқан танымдық қор мен ЖОО-да оқу-тәлім барысында игерілуі тиіс кәсіптік дағдылар, білімдер арасындағы қайшылықтар болуы тиіс. Бұл қайшылықтар оқу-тәлім процесінде қарым-қатынастар сипатына айналады. Кәсіптік білімдер игерудің барша сатысында жүретін пікірлер, көзқарастар, ғылыми бағыт-бағдарлар, позициялар, адамгершілікті толғаныстар тоғысынан құралып, іске асып барады. Болымды нәтижелер жинақтаудың басты шарты – студенттің білім-тәлімдегі тұлғалық мәнге ие мазмұн таңдап, сындарлы талдауы мен таңдауында шәкірттің тікелей араласып, қатысуынан түзіледі[29,30,33,57,81].

Қазақстан Республикасының азаматтар денсаулығын сақтау негіздерін гуманизм және қайырымдылық принциптерін, әлемдік денсаулықты сақтау құжаттарын, сондай-ақ, дәрігерлік маманның жоғары рөлі мен ұлықты моральдық жауапкершілік этикасын басшылыққа ала отырып, болашақ дәрігердің осы жұмыста алға тартылып отырған талаптар кешенін түзуді біз өз міндетіміз деп есептейміз[85].

Бұл талаптар кешені келесідей негізгі тұжырымдардан құралды:

- кәсіби парыз және этикасын, пациенттер мүдделері мен әрбір адам және барша тұрғындар өмірі мен саламаттығына сай талаптарды басшылыққа алу;
- кез-келген адамға, оның жынысына, жасына, ұлтына әлеуметтік беделіне, дін және саяси көзқарастарына тәуелсіз дәрігерлік көмек көрсету;
- өз білімдерін тереңдетуге, кәсіби шеберлігін көтеруге, отандық және әлемдік медицина қауымдастығындағы әріптестерінің тәжірибесін зерттеп қабылдауға болған ұмтылысына ұдайы дем беріп отыру;
- адамдық қадір-қасиетке жанашырлық танытып, оны ардақ тұту;
- пациенттермен ықыласты, шыдамды және қамқор қатынаста болу;
- әріптестер тәжірибесімен білімдеріне әділ, тілектестік және сыйластық қатынас жасау;
- әріптестер іс-қызметіне дәлелді, кәсіби сын білдіру;

- дәрігерлік лауазымымен білімдерін теріс пайдаланудан аулақ болу;
- дәрігерлік этика және деонтологияның кәсіптік және жалпы этикамен байланысына шек келтірмеу;

Кәсіптік этика екі қырымен танылады: аксиологиялық (құндылықты) және деонтологиялық (лауазымдық). Бұл екі құрылым диалектикалық біртұтастықта болуы шарт. Лауазымға қатысты кәсіптік моральды деонтология қарастырады. Медициналық жалпы, соның ішінде дәрігерлік этика кәсіби іс-қызметтің әлеуметтік мән-маңызын зерттеп, негіздейді, кәсіп иесіне талаптар белгілейді, медициналық маманның әрекет-қылығы мен қатынастары сипатын қайырымдылық және жамандық позициясынан айқындайды.

Дәрігерлік деонтология – бұл маман борышы, оның өз кәсіби міндеттері жөніндегі ғылым. Бұл орайда екі аспектті ажырата тану шарт. Ондай аспектер – лауазымдық және өнегелілік, осыдан біз дәрігерлік этиканы медициналық деонтология теориясы ретінде қарастырамыз, себебі кез-келген кәсіптік этика (педагогикалық, медициналық және т.б) кәсіби мораль қызметінің принциптерін және заңдылықтарын болжамдап ашады[16]. Дәрігерлік деонтология – практикалық, іс-қызметтік ғылым. Ол мамандарға қызметтік әрі лауазымдық борыштарды орындау үшін ғана емес, дәрігердің жалпы қызметін бағалауға қатысты дәрігерлік кәсіптің қоғамдық құндылығынан өріс алады. Одан өзге, борыш категориясы екі деңгейде: объективті және субъективті көрініс береді. Объективті деңгей – маманның кәсіптік қызметінен туындайтын міндеттер жиынтығы. Ал субъективті деңгей – бұл әрбір жеке медик маманның өз қызметін атқарудағы қатынас-байланыс түзе білуі. Осы бірлік негізінде дәрігер этикасы мен медициналық деонтология тұтастығы пайда болады.

Медициналық деонтологияның практикалық қажеттігі клиникалық мамандардың дәрігер-әріптестерімен, науқастар және олардың туыстарымен қатынаста туындап қалатын конфликттік ситуацияларды болымды шешуге әрдайым дайын болғаны жөн. Дәрігердің жазатайым қателігін көре білгеннің өзінде оның намысын аяқ асты етпей, жоғары этикалық әдептілікті сақтай отырып, көмек көрсеткені абзал. Науқастар және олардың жақын туыстарымен болып қалатын дау-дамайлар көбіне соңғы субъекттердің медициналық мекеме жұмыстары жөніндегі ақпараттарды дұрыс түсінбеуінен келіп шығады. Осыдан таңдалған емдеу мекемесі, онда қабылданатын ем-дом түрлері мен қызметтер ел арасында кеңінен насихатталуы тиіс. Дәрігерлік деонтологияның негізгі категориялары – бұл борыш, міндет, жауапкершілік және онымен байланысты адалдық, аяушылық білдіру, бірліктегі қайғыру, тілектестік пен сезімталдық және т.б.

Міндеттер және оларға қатынас жасаудың әрқилы деңгейі бар. Бірінші деңгей – отан, халық алдындағы борыш. Екінші деңгей – өз кәсібіне болған міндеттілік. Бұл өз еңбегінің әлеуметтік маңызын түсінумен байланысты. Үшінші деңгей – дәрігер сыртқа адам жүйесіндегі қатынастарды анықтаушы парыздар. Төртінші деңгей – дәрігер-дәрігер, дәрігер-халық, халық өкілдері жүйесіндегі өзара байланыстарды анықтаушы дәрігердің өз әріптестерімен қарым-қатынасын айқындаушы міндеттер. Дәрігер қызметінің қиындығы оның

ұдайы көпсанды әрқилы адамдармен ұшыраса іс-әрекет, қатынас жасауында. Сондықтан кәсіби маңызды сапалардың бірі мұндай қызметке бейімділігі ғана емес, соның қатарында дәрігердің жалпы адамдармен, әсіресе науқастармен тілдесе, сөйлесе білу қабілетінде. Осыдан, мұндай қызмет атқарушылар алдына келесідей педагогикалық талаптар тартылады: байсалдылық, жинақылық, түсінім мен қабылдауда жоғары сезімталдылық, жылдам әрекетке келу, жад, зейін және байқағыштық деңгейлерінің жоғарылығы.

Демек науқастармен ұдайы байланыста қызмет атқарушы жалпы дәрігерлер бойында келесідей тұлғалық қасиет-сапалар болуы шарт:

1. Адам сөзіне, сөйлеу қалпына сезімталдық (науқастармен қалыпты қатынасқа түсу үшін).
2. Жоғары көз танымы мен зейін шоғырландыра білуі (нақты науқасқа қызмет көрсетуде, сырқатнама дәптерімен танысуда, экстемпоралды дәрі-дәрмектерді қолдануда).
3. Зейін тұрақтылығы (жұмыс күнінің түгелдей барысында іс-әрекет қабілеттілігін сақтай білу).
4. Шыдамдылық және ұстамдылық (конфликтті ситуациялар шығып қалғанда).
5. Эмоционалдық тұрақтылық пен бірқалыптылық.
6. Ұқыптылық және адалдық.
7. Тілдесе, сөйлесе білу.

Болашақ дәрігердің аса маңызды бітісі өзбетінше қызмет атқара білу ептілігі. Дәрігерлік іс-қызметте өз мүмкіндігін паш ете алатын маман ретінде, біздің пайымдауымызша, өзіндік кәсіби іс-әрекетті жасампаздықпен пайдалануға дайын, белгілі деңгейдегі табыс биіктігіне көтерілу мақсатында тұрмыс – тіршіліктің барша сатыларын құрастыра білетін маманды танимыз.

Біздің ойлағанымыздай, болашақ дәрігерді тұлғаға бағыттап дайындаудың сыры – оған тек пәндік білімдер, ептіліктер мен дағдыларға икемдестірумен шектелмей, оның әлеуметтік және өзіндік іске қабілетті тұлға болып жетілуіне өзіне-өзі жол тауып, беретін адамды өсіріп шығару. Өзіндік даму мен жетілуші тұлға өзінің қайталанбастығын, кәсіби іске жауапкершілігін, болашақ кәсіпкер-маман ретінде ұдайы өзіндік жетілудегі маман екендігін, кәсіби және шығармашылық іс-қызметтегі өз мүмкіндіктерінің шегі мен деңгей-дәрежесін аңдай алатындай ептілік-қабілеттерін, медицинада өз орнын, шығармашылық және медициналық потенциалын айыра білуі шарт. Бұл сапалар, біздіңше, дәрігер дайындығындағы тұлғаға бағыттап оқытудың негізгі міндет-шарттары болғаны абзал.

Аталған теориялық негіздеме біз ұсынып отырған жалпы медицина факультеті студенттерінің тұлғаға бағыттап оқыту моделінің жетілу базасының бастау бірлігіне алынды. Мұндай модель құрылымы 1,2-кестелерде көрсетілген.





1-кесте .Медицина факультеті студенттерін тұлғаға бағыттап оқыту моделінің схемасы

Бұл схема өз ішіне бірқатар компоненттерді қамтиды: мақсаттық (басты мақсат, принциптер, міндеттер); мазмұндық (шарт-жағдайлар, мазмұн); инструменталд (кезендер, жол-жобалар, құралдар); нәтижелік (өлшемдер, көрсеткіштер, соңғы нәтижелер).

Ұсынылған модель бірліктерін қарастырайық (2-сурет). Негізгі жағдаяттар ретін –біз мақсат жобалау мен рефлексивті процестер дамуын алға тартамыз. « Мақсаттар дарағын» құру әдісі жәрдемімен болашақ дәрігердің бұдан былайғы медициналық іс-қызметке дайындығының басты мақсаты, студент дайындаудың әр деңгейіндегі міндеттері, болашақ іс-қызметтің ауырлығымен жауапкершілігін ескерумен жол-жобалар мен құрал-жабдықтарды пайдаланып, іс-әрекет жасау.

Медицина факультеті студенттерін тұлғаға бағыттап оқыту моделінің компоненттері





2-кесте. Модель компоненттерінің құрылымдық элементтері.

Нәтижелер бастапқы тарауларда алға тартылған әдебиеттердің теориялық қолдаулары көрсеткендей, жоғары білім жүйесінде тұлғаға бағыттап оқытудың әртүрлі принциптері ұсынылады. Оларды қорытумен, келесідей тізім шығардық:

- білім-тәлімді гумандыққа көтеріп, демократияластыру;
- еңбек нарығындағы даму бағыттары және ауысым өзгерістерімен салыстырғанда кәсіби дайындықтың ілгерілі, озық болуын қамтамасыз ету;
- кәсіби дамудың болымды ауысым-өзгерістілігін, ашық- жариялығын, өзгерісті-баламалылығын қамсыздандыру;
- кәсіптік дайындықта студенттің субъективті позициясына маңызды фактор ретінде назар аударып, оны жоғары бағалау;
- бүгінгі студентті болашақ маманы ретінде ардақтап, оның шығармашыл потенциалына дем беру;
- шынайы да объективті кәсіби дайындықта туындап жататын реакцияларға сәйкес маманның рефлексив белсенділігін көтеру;
- маманның кәсіби және тұлғалық өсуін, табысты бой тіктеу мен кәсіптік іс-әрекеттің аса қажет факторы ретінде назарда ұстау;

Студенттерді тұлғаға бағыттап оқыту саласында жүргізілген теориялық, қызметтік іс-әрекетті талдау зерттемелері негізінде жасаған қорытулардан таңдаған оқу-тәрбие бағытымыздың тиімділігіне арқау болар келесідей шарттар анықталды:

- білім-тәлімдік процесте еркін қарым-қатынас жасау қолайлы шарт-жағдайлар түзу;
- дәрігердің бүгінгі замандық жағдайларда кәсіби функциялар орындау мүмкіндіктерін нығайтып, кеңіте түсу;
- мемлекеттік білім-тәлімдік стандартты орындау;
- оқу-үйрену барысына тартылған студенттің жеке-дара ерекшеліктерін ұдайы ескеріп отыру;
- жаңа технологияларды ескерумен оқу жоспарларының баламалығына жол ашу.

Біз таңдаған моделіміздің мазмұндық құрылымына ықпал жасайтын жағдаяттар арасында бүкіл қоғамның және жеке адамдардың қоғамның бүгінгі дамуымен перспективасындағы мақсаттары және мүдделерін айыра білу қажет. Оқу-үйрету процесінің өзіндік бастауы алдында және оның соңғы нәтижесінде жоғарыда аталған мақсаттардың іс-жүзінде атқарылуы күтіледі. Осыдан, болашақ дәрігер дайындаудың мазмұны бірнеше компоненттерден құралады. Олар: дидактикалық тұрғыдан қайта өңделіп, болашақ маманның кәсіби дайындығына ылайық тұлғаға бағыттап оқытуға сәйкес оқу-үйретім материалы түрінде; оқу-үйретім барысында және әрқилы ситуациялар мен студент тұлғасының кәсіптік сапаларды игеру барысында туындайтын субъект-субъекттік қатынастар тәжірибесі түрінде жинақталуы.

II-Тарау. МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖОО-НЫҢ СТУДЕНТТЕРІН ТҰЛҒАҒА БАҒЫТТАП ОҚЫҚТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕШЕНІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

2.1.Тұлғаға бағыттап оқыту барысында қолданылатын әдістер сипаттамасы

Өз зерттеулеріміздің барысында оқытудағы тұлғаға бағыттап тәлім-тәрбие беру жүйесін іске асыру жолында біз әрқилы сабақ жүргізу моделдерін пайдаландық, академиялық уақыттың 90% осы медициналық ЖОО-да енді қалыптасып жатқан инновациялық ТБО (тұлғаға бағдарлап оқыту)-жобаға арнадық.ТБО-ды стимулдаудың негізгі түрлерінің бірі –проблемді –дамытушы оқу-үйретім жүйесін енгізу, бұл өз кезегінде тәлімдік процестің тұлғалық бағдар-бағытын қамтамасыз етеді (180,167). Тұлғаның әлеуметтік маңызды сапаларын қалыптастыру тәжірибелік сабақ іс-әрекеттерін орындау әдістерімен байланысты келеді. Ондай әдістер салыстырмалы түрде үш топқа бөлінеді:

- Талданушы материал құрылымын таңдау және өңдеу; студенттермен өзара – әрекеттестікке келудің сипатын таңдау, оның тиімділік тараптарын талдау және бағалау;
- Оқыту процесінде ұстаз және шәкірттің педагогикалық өзара әрекеттестігінің амалдары мен мысалдары;
- Студенттерді психологиялық-педагогикалық дамыту және реттеу-түзету әдістері.

Бұл орайда негізгі қатынас түрі ұстаз және шәкірттің бірлікті қызметтестігі. Мұндай көзқарас студенттердің жоғары белсенділігіне, өзіндік даму, іштей ұтымды толығуға болған ынта-ықыласқа жол ашады. Бүкіл оқыту-үйретім процесі және оның әрқандай бөліктері ұстаз және шәкірттердің біртұтас жүйенің тең құқықты мүшелері сипатында әрекет жасауынан тиімді болатындықтан, олар тәжірибелік сабақтарда өзара әрекеттестікте болу қажеттігі туындайды.

ЖОО-да теория мен практиканы тиімді байланыстырудың бір формасы – бұл тәжірибелік сабақтар. Тәжірибелік сабақтар нақты курс бойынша теориялық материалдың тереңдетіле ұсынылуын көздейді, мұндай ниет шәкірттердің жоспарлы әрі дербес, өзіндік жұмыс атқаруынан ақталады. Семинар сабақтардың жеке-даралықты сипатта болуы оқытушының да, студенттің де мұқият ұжымдастырылуы мен дайындығын қажет етеді(111,112).

Тәжірибелік сабақтардың дайындығы алдымен келесідей негізгі ережелерді ескерген жөн:

1. Тәжірибелік сабақтардың формасы (Педагогикалық стратегия шеңберіндегі оқытудың негізгі әдістері)

Бұл жағдайдағы негізгі шарт – тақырыпқа қызығушылық, оның толық меңгерілуі, студенттердің жоғары белсенділігі, олардың жеке-даралығын ашу.

2. Тәжірибелік сабақтардың ерекшеліктерін ескеруімен оқытушы тарапынан оның жұмыс жоспарының түзілуі (әрбір студенттің жеке

даралықты іс-әрекетін бағалау, оның оқу материалын зерттеу және талдауда қатысуына мән беру).

Тәжірибелік сабақтарды табысты етуі оның формасы мен әдістерін дұрыс таңдаудан. ЖОО-да жинақталған тәжірибелермен таныса отырып, келесідей тиімді әдістерді таңдадық:

1. Шағын топтарда оқыту (SGL, small group learning)
2. Кейске негізделген оқыту (CBL, case-based learning)
3. Мәселелерге/есептерге негізделген оқыту (TaskBL, task-based learning)
4. Топта жұмыс істеуге негізделген оқыту (TBL, team-based learning)
5. Құрбы-құрдастары арқылы оқыту (PAL, peer-assisted learning)
6. Проблемаға бейімдеп оқыту (PBL, problem-based learning)

Оқу-үйретім процесінде оқытудың жаңа әдістері өте көп. Сол әдістердің бірі -шағын топтарда оқыту (SGL, small group learning) әдісі. Бұл әдіс пән бойынша ғылыми білімдердің жүйеленген негіздерін, нақты ғылымның қалпы мен болашағын айқындайды, күрделілеу және негізгі мәселелер бойынша студенттер назарын қадағалайды, белсенді танымдық әрекетке ынталандырады.

Шағын топтарда оқыту (SGL, small group learning) соңғы жылдары шағын топтарда оқыту (бірлескен оқыту), яғни, біріккен тапсырманы орындау үшін микро топтардағы оқушыларды біріктіру әдісі соның ішінде жоғары білім берудегі ең тиімді және танымал технологиялардың бірі болды. Көптеген жылдар бойы мұндай оқыту әдісі даралық пен бәсекелестік қағидаттарына негізделген. Өз бетімен жұмыс істеу және белгіленген мақсаттарға жету мүмкіндігі өте маңызды. Бірақ бүгінгі таңда, өзара әрекеттесу және қойылған міндеттерді шеше отырып, бірге жұмыс істеу мүмкіндігі үлкен рөл атқарады. Экономиканың қарқынды дамуы, ең алдымен, жинақтау, талдау және ақпарат беру жоғары технологиялық және ультра жылдам үдерісі арқасында мүмкін болып табылады. Бұл әдіс табысты кәсіби мүмкіндіктің арқасында жалғыз орындау мүмкіндігі болмайтын тапсырмаларды командалық жағдайда шешуге жағдай жасайды. Сондықтан шағын топтарда оқыту соңғы кездері оқытудың танымал әдістерінің бірі болып табылады, себебі, бұл әдіс барлық студенттерге жұмысқа белсене қатысуға, әртүрлі көзқарастарды бағалай білуге, бір-бірінен үйренуге, әр түрлі рөлдерді ойнауға, ынтымақтастық дағдыларын, өзара қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Студенттер топта бірге жұмыс жасау арқылы берілген тапсырманы бірге орындауға тырысады. Бұл жағдайда, берілген тапсырма топтың барлық мүшелері қатысатындай, ешкім жұмыссыз қалмайтындай көлемде болу керек. Осы әдісті жүзеге асыру барысында оқытушының рөлі өзгереді, яғни ақпарат көзін беруші, кеңесші және дұрыс бағыт беретін бағыттаушы болып табылады. Топтық оқытудың тағы бір артықшылығы - оқытуға көп деңгейлі тәсілдерді енгізу мүмкіндігі. Оқытушы студенттерге әртүрлі деңгейдегі тапсырмалары бар әр түрлі потенциалдар мен қабілеттерін ашуға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда бұрын «әлсіз» деп танылған студенттер тақырыпты зерттеп, берілген тапсырманы орындау үшін қабілетін көтеруге тырысып, нәтижесінде студенттің

пәнге деген қызығушылығы артады. Топтық оқыту мына принциптерге негізделеді: әр студентке тең тапсырма, жеке дара есеп беру, позитивті іс-әрекетке, әлеуметтік өзара іс-қимыл. Тыңдаушылардың әлеуметтік өзара әрекеттесуі тұтастай алғанда топтағы психологиялық климатқа жағымды әсер етеді: студенттер сапалы жаңа әлеуметтік рөлдерді алады, бұл олардың қарсыластарынан сол команданың мүшелеріне айналады. Топтық жұмыс осындай коммуникативтік дағдылар мен басқа да дағдыларды қалыптастыруға және дамытуға көмектеседі: досты тыңдауға және сенім артуға, бір топтың сұрақтарына жауап беріп, әртүрлі пікірлерді қабылдап, топты басқаруға және «кері байланысқа» құруға негізделген. Мұның бәрі, сайып келгенде, командада жұмыс істеу қабілетін қалыптастырады. Позитивті өзара тәуелділік принципі барлық топтың жұмысын табысты орындау осы топтың әр қатысушысының жұмысының нәтижелеріне байланысты екендігінде жатыр. Оң қарым-қатынас жасау топ мүшелерінің ортақ нәрсені, мысалы, жалпы мақсат, сыйақы, материалдар, рөлдер мен тапсырмаларды бөлуі ортақ болғанда пайда болады. Бұл жетістік бүкіл топтың жұмыла жұмыс жасағанында ғана емес, топтың әрбір мүшесінің әрбір жеке үлесінің арқасында маңызды болып табылады. Топтағы әрбір студенттің көпшілік алдында жұмысты атқаруы нәтижелерін ұсынудың қажетті шарты болуы керек. Топтық тренинг шеңберінде көптеген құрылымдар әрқайсысы жеке түрде жеке есеп беруді көздейді, яғни жеке есеп беру принципін іске асыру болып табылады. Топта әрбір бірдей ықпал рөлдердің қатысуын қамтамасыз етіп жұмыс жобалануы тиіс.

Кейске негізделген оқыту (CBL, case-based learning). Болашақ дәрігерлерді емдеу және диагностика әдістерін құзіреттілік деңгейінде дайындау үшін клиникалық кафедраларда кеңінен қолданылады. [17].

Бақылау топтарында студенттерге дәстүрлі жүйе бойынша тәжірибелік сабақтар жүргізілді. Эксперименттік топтарда оқу-тәрбие үдерісіндегі тұлғаға бағыттап оқыту әдісіне бағытталған педагогикалық шарттар мен оларға сәйкес педагогикалық тәсілдер қолданылды; сабақтар біз жасаған әдістеме бойынша өткізілді.

Эксперименттік бөлімі «жеделмедициналық жәрдем кафедрасында иммунология пәнін оқыту кезінде өткізілді.

Диагностикалық тестілеу екі рет екі оқу семестрі 2016-2017 оқу жылының күзгі семестрі және 2017-2018 оқу жылы көктемгі семестр аралығында өткізілді.

. Респонденттердің жалпы саны 157 болды; жауаптардың жалпы саны 1884 құрайды, бұл статистикалық маңызды массив болып табылады.

**5-кесте. Тұлғалық қасиеттерді бағалау нәтижелері
(сапасын жақсарту үрдісін анықтау)
Тұлғалық құндылығы бағыты бағыты**

Тұлғалық қасиеттер	Бақылау тобы			Эксперименттік топ			Барлығы	Барлығы (Экс. кейін)
	Экс. дейін	Экс. кейін	вариация	Экс. дейін	Экс. кейін	вариация		
Өзіне бағытталған	20	20	0	26	15	-11	46/29%	35/21%
Іс-әрекетке бағытталған	14	15	+1	19	23	+4	33/21%	38/24%
Тапсырманы шешуге бағытталған	44	43	-1	34	41	+7	78/50%	84/54%
БАРЛЫҒЫ	78	78		79	79		157	

**6-кесте. Тұлғалық қасиеттерді бағалау нәтижелері
(сапасын жақсарту үрдісін анықтау)
Қарым қатынасты қалыптастыру қабілеті (коммуникабельділік)**

Тұлғалық қасиеттер	Бақылау тобы			Эксперименттік топ			Барлығы	Барлығы (Экс. кейін)
	Экс. дейін	Экс. кейін	вариация	Экс. дейін	Экс. кейін	вариация		
Жоғары коммуникабельді	37	38	+1	47	58	+11	84/54%	96/61%
Орташа коммуникабельді	29	28	-1	26	19	-7	55/35%	47/30%
Төмен деңгейде коммуникабельді	12	12	0	6	2	-4	18/11%	14/9%
БАРЛЫҒЫ	78	78		79	79		157	

**7-кесте. Тұлғалық қасиеттерді бағалау нәтижелері
(сапасын жақсарту үрдісін анықтау)
Белсенділік қабілеті**

Тұлғалық қасиеттер	Бақылау тобы			Эксперименттік топ			Барлығы	Барлығы (Экс. кейін)
	Экс. дейін	Экс. кейін	вариация	Экс. дейін	Экс. кейін	вариация		
Жоғары белсенді	41	42	+1	26	47	+21	67/43%	89/57%
Орташа белсенді	21	20	-1	27	14	-13	48/30%	34/22%
Төмен деңгейде белсенді	16	16	0	26	18	-8	42/27%	34/22%
ВСЕГО	78	78		79	79		157	

**8-кесте. Тұлғалық қасиеттерді бағалау нәтижелері
(сапасын жақсарту үрдісін анықтау)
Шығармашылдық (креативтілік) деңгейі**

Тұлғалық қасиеттер	Бақылау тобы			Эксперименттік топ			Барлығы	Барлығы (Экс. кейін)
	Экс. дейін	Экс. кейін	вариация	Экс. дейін	Экс. кейін	вариация		
Жоғары	24	26	+2	23	36	+13	47/30%	47/30%
Орташа	45	46	+1	53	40	-13	98/62%	98/62%
Төмен	5	6	+1	7	3	-4	12/8%	12/8%
ВСЕГО	78	78		79	79		157	

Деректер математикалық статистика әдісі арқылы өңделді. Әр шкала бойынша бағалар факторлық талдауды қолдану арқылы жинақталды. Өңдеу нәтижесі осы жиынтықтың қасиеттерін жалпылама түрде сипаттайтын бірқатар параметрлерді табу болды, мысалы:

1. Кездейсоқ айнымалы шаманың барлық ықтимал шамалары шоғырланған кездейсоқ айнымалы таратудың орталығын анықтайтын, математикалық күту. Оны жиі орташа мән деп атайды.

2. Олардың математикалық күтулеріне қатысты бағаның шашылу дәрежесін анықтайтын дисперсиялар, яғни шама өзінің орта мәнінен қаншалықты бір немесе басқа жаққа ауытқуын көрсететіндер.

3. Корреляциялық тәуелділіктің күші мен бағыты туралы ақпаратты қамтитын корреляция коэффициенттері.

4. Салмақтық коэффициенттер.

Есептеулер кезеңмен жүргізілді және корреляциялық қатынастар арасындағы факторлар (тұлғалық құндылығы бағыты, қарым-қатынас қалыптастыру қабілеті, белсенділік қабілеті және шығармашылдық (креативтілік) деңгейін) анықталды, сонымен бірге гистограммалардың құрудың- графикалық әдісі қолданылды. Эксперименттің негізгі міндеттері:

- біз ұсынған тұлғаға бағыттап оқыту әдісінің әдіснамасын қолдану барысында студенттердің оқу үдерісінде тұлғалық құндылығы бағыты, қарым-қатынас қалыптастыру қабілеті, белсенділік қабілеті және шығармашылдық (креативтілік) деңгейін анықтау (төмендеуі, арттуы);
- белсенділіктің жоғарылауы жағдайында, адамның коммуникабельділігі мен шығармашылдығының ұлғаюы мен өзгеруі арасындағы қатынастардың болуы (немесе болмауы) анықтау;
- көрсеткіштердің өзгеру динамикасын 1 және 2 курстарда бақылау.

Сәйкестік сипаттамасы: = 157 – сәйкестіктің көлемі (тестілеу саны).

Сәйкестік көлемін ескере отырып, әр критерий үшін орташа мәнді (X_B) формуласы бойынша табу(1).

$$X_B = 1/n \sum_{i=1}^n X_i$$

онда X_i -варианта(1),

i — индекс, таңдаудағы вариантының орынның көрсетеді,

n - таңдаудың саны.

Орташа мәнді ескере отырып (2) формула бойынша дисперсияларды есептеу.

$$D_B(X) = 1/n \sum_{i=1}^n [X_i - X_B]^2$$

$$(2) 1 = 1$$

Диагностикалық тестілеудің нәтижелерін есептеу барысында бүкіл таңдалған сәйкестікте белгілі бір бағалаудың пайда болу жиілігін пайыздап талданады (n) және

$$\omega_i = 100\% / n \sum_{i=1}^n \delta K$$

формуласы бойынша (3) есептеледі,

онда K -мүмкін бағалардың мәні (3, 2, 1, 0, -1, -2, -3) (4) $i=1$.

Жеке қасиеттерді бағалау нәтижелері 9-кестеде көрсетілген.


Сонымен, тұлғаға бағыттап оқыту әдісін медициналық ЖОО оқу үдерісінде педагогикалық шарттар жиынтығын және оларға тиісті педагогикалық құралдарды қолдану мүмкін және қажет екенін алынған мәліметтер дәлелдейді, тұлғалық құндылығы бағыты, қарым-қатынас қалыптастыру қабілеті, белсенділік қабілеті және шығармашылдық (креативтілік) деңгейінің жоғарылауына алып келеді

9-кесте. Жеке қасиеттерді бағалау нәтижелері


Тұлғалық қасиеттер	Деңгейі	Бақылау тобы			Эксперименталды топ		
		Экс. дейін	Экс. кейін	уағ	Экс. дейін	Экс. кейін	уағ
Тұлғалық құндылығы бағыты	Өзіне	0,26	0,26	0	0,33	0,19	-0,14
	Іс әрекетке	0,18	0,19	+0,01	0,24	0,29	+0,05
	Тапсырманы шешуге	0,56	0,55	-0,01	0,43	0,52	+0,09
Қарым қатынасты қалыптастыру қабілеті	Жоғары	0,47	0,49	+0,02	0,59	0,73	+0,14
	Орташа	0,37	0,36	-0,01	0,33	0,24	-0,09
	Төмен	0,15	0,15	0	0,08	0,03	-0,05
Белсенділік қабілеті	Жоғары	0,53	0,54	+0,01	0,33	0,59	+0,26
	Орташа	0,27	0,26	-0,01	0,34	0,18	-0,16
	Төмен	0,02	0,02	0	0,33	0,23	-0,10
Шығармашылдық (креативтілік) деңгейі	Жоғары	0,31	0,33	+0,02	0,29	0,46	+0,17
	Орташа	0,58	0,53	+0,01	0,67	0,51	-0,16
	Төмен	0,06	0,08	+0,02	0,09	0,04	-0,05

Бақылау топтарында (сабақтардың дәстүрлі жүйесі) қарастырылған қасиеттердің деңгейі жүйелі түрде артқанын айта кету керек, бірақ аз дәрежеде болды. Бұл университеттен тыс студенттерінің жеке қасиеттеріне макрортаның сыртқы жағдайлар кешенінің әсері мен байланысты болуы мүмкін.


Тұлғалық қасиеттерді бағалаудың нәтижелері.




5-кескін. Тұлғалық құндылығы бағытының экспериментке дейінгі нәтижелері




6-кескін. Тұлғалық құндылығы бағытының эксперименттен кейінгі нәтижелері




7-кескін. Қарым-қатынасты қалыптастыру (коммуникабельділік) қабілетінің экспериментке дейінгі нәтижелері




8-кескін. Қарым-қатынасты қалыптастыру (коммуникабельділік) қабілетінің эксперименттен кейінгі нәтижелері




9-кескін. Белсенділік қабілетінің экспериментке дейінгі нәтижелері



10-кескін. Белсенділік қабілетінің экспериментке дейінгі нәтижелері



11-кескін. Шығармашылдық (креативтілік) қабілетінің экспериментке дейінгі нәтижелері



12-кескін. Шығармашылдық (креативтілік) қабілетінің эксперименттен кейінгі нәтижелері

Сонымен, эксперименталды топтарда (ұсынылған үлгі және әдістеме бойынша) және бақылау топтарында дәстүрлі оқыту түрімен оқытын медицина факультетінің студенттеріне тұлғаға бағыттап оқыту әдісін оқу үдерісінде қолдану тиімділігін бейнелейтін, біз қарастырып жатқан көрсеткіштердің динамикасын салыстырмалы талдау жүргізгенде, алған нәтижелердің

динамикасы жағымды жаққа елеулі өзгерістері бар екендігін растайтын қортынды жасауға болады.

Берілген негіздеме медицина университетін оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде біз әзірлеген тұлғаға бағыттап оқыту әдісінің үлгісі мен әдіснамасының тиімділігі мен қажеттілігі туралы айтуға мүмкіндік береді.

Жоғарыда аталған мәселелерді талдау нәтижелері келесі қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

Эксперименттік жұмыс барысында медицина факультеті студенттерінің оқуын қамтамасыз ететін тұлғаға бағыттап оқытудың жағдайлар жиынтығын тексеру бойынша тәжірибиелік-эксперименттік жұмыс барысында, келесі әдістер кешенін пайдалануға болады: тәжірибелік сабақтар бойынша шағын топтарда оқыту (SGL), кейске негізделген оқыту (CBL), мәселелерге/есептерге негізделген оқыту (TaskBL), топта жұмыс істеуге негізделген оқыту (TBL), құрбы-құрдастары арқылы оқыту (PAL), проблемаға бейімдеп оқыту (PBL).

1. Тұлғаға бағыттап оқытудың негізгі міндеті студенттердің танымдық белсенділігін дамыту болып табылады. Берілген міндетті тәжірибиелік-эксперименттік жұмыс процесінде шешу, бізге келесі қортындылар жасауға мүмкіндік берді:

- студенттердің танымдық белсенділігі- ол оқу үдерісінде жасалған, белгілі жеке-бағытталған шарттар ықпалымен қалыптасатын қасиет.

- ішкі алғы шарттар болып студенттердің өз қызғушылықтары қызмет ете алады, оқу үрдісінде бұл қызығушылық он және жағымсыз жағына өзгеруі мүмкін;

- белсенділіктің сыртқы алғышарты болып - оқытушы мен студенттің өзара іс-әрекетінің толық кешені болады; бұл жағымды ықпал сәтті оқу-танымдық іс-әрекетке әкелетін педагогикалық әрекеттесудің әсері, ол тек объективті маңызды ғана емес, сондай-ақ студенттердің өздерімен қабылданған;

- тұлғаға бағыттап оқыту әдісінде студент объект ретінде емес субъект ретінде болады, ол танымдық процесінің белсенді қатысушысы және онда оның негізгі ерекшелігі белсенділік болып табылады;

- тұлғаға бағыттап оқыту әдісінің танымдылық белсенділікке ықпалы мотивация, субъективті тәжірибе өзектілігі, студенттердің рефлексиясы қалыптасу арқылы болады.

3. Студенттің белсенді іс-әрекетін ынталандыратын негізгі шарттар: субъективті тәжірибе өзектілігі, субъект-субъектік қатынастарды орнату, рефлексия жасауды дамыту. Субъективті тәжірибе өзектілігі студентке оқу пәнінде өзіндік интеллектуалдық және шығармашылық дамуының негізін табуға мүмкіндік береді. Субъект-субъектік қатынастарды оқытуды ұйымдастырудың дәстүрлі әдісін тұлғаға бағыттап оқыту әдістеріне өзгерту арқылы жүзеге асырылады. Оларға: бойынша шағын топтарда оқыту (SGL), кейске негізделген оқыту (CBL), мәселелерге/есептерге негізделген оқыту (TaskBL), топта жұмыс істеуге негізделген оқыту (TBL), құрбы-құрдастары

арқылы оқыту (PAL),проблемаға бейімдеп оқыту (PBL) түріндегі сабақтар. Нәтижесінде студенттің ұстанымы өзгереді: білім алушы рөлінен ол басқа рөлге көшеді (оқытушы, кеңесші, дайын маман, курстастарының іс-әрекетін ұйымдастырушы). Өз іс-әрекетін рефлексиялауын икемділігін дамыту студенттерге өз іс-әрекетін және оның нәтижелерін адекватты бағалауға және өз бағасын педагогикалық үдерістің барлық қатысушылардың пікірімен және бағасымен сәйкестендіруге мүмкіндік береді.

4. Оқу үдерісі құрылатын негіз және білгілі бір тәсіл, яғни ол орныққан және студенттердің танымдық белсенділігінің даму деңгейі арасында тәуелділік бар. Болашақ дәрігерлерді дайындау тәжірибесінде тұлғаға бағыттап оқыту әдісін пайдалану, танымдық белсенділіктің орташа және жоғары деңгейі байқалған студенттер санының артуына айтарлықтай әсер етті.

5. Тұлғаға бағыттап оқыту әдісі негізінде болашақ дәрігерлерді оқыту үрдісі тиімді болады, егер оның барысында келесі шарттар жүзеге асырылса:

- интерактивті оқыту әдістерін қолдану негізінде әртүрлі сипаттағы және күрделік деңгейдегі міндеттер шешілетін оқу үрдіс барысындағы жағдайларды іріктеу және жасау;

- мазмұны, құралдық сипаттамасы және қортынды процедуралар бойынша вариативті оқу үрдісіне студенттерді субъективті қосу;

- педагогикалық процестегі өзара әрекеттесу субъектілерінің жеке позициясында өзара қызығушылық негізінде оқытушы мен студенттің арасындағы рефлексиялық өзара әрекеттесу;

- болашақ дәрігердің кәсіби қызметтерін жүзеге асыру бойынша типтік және стандартты емес міндеттерді шешуге байланысты оқу үдерісінде бірлескен әрекеттердің мағынасын түсіндіру.

ҚОРЫТЫНДЫ:

Студенттің интеллектуалды, әлеуметтік-мәдени және моральдық әлеуетін, оның білімін және әлеуметтік технологияларын енгізу, сондай-ақ технологияның өзіндік нұсқасын жасау, болашақ кәсіби қызметтің ерекше үлгілерін әзірлеу қабілетерін дамыту қазіргі кезде жоғары білім берудің технократтық парадигмасына қарағанда өзекті болып табылады. Ол үшін маман дайындау мәселесін жоғары оқу орнында білім беру жағдайында шешу қажет. Студент жастардың құндылық бағдарларын зерттеу бойынша көптеген ғылыми жұмыстар жүргізілді, олардың арасында қазіргі студенттер өз даралық ерекшеліктеріне қаншалықты мән беретіндігіне ерекше назар аударылады. Ғылыми жұмыстардың басқа бір тобы болашақ мамандарда құндылықтарды арнайы қалыптасу мәселесін көздейді және қарастырады. Қазіргі заманғы студент жастар біздің қоғамның мәдениетін құрайтын құндылықтарын игермегені және оның басты себептерінің бірі ЖОО-ның әрекетсіздігі болып табылатындығы туралы қорытынды жасалды. Сондықтан, берілген құндылықтарға байланысты әр студент немқұрайлық танытпас үшін, құндылықтарға деген белгілі көзқарасты, болашақ мамандар бойында құндылықтарды түсіну және жеке басы үшін маңызды етіп қалыптастыру қажеттілігін қамтамасыз ету керек.

Тұлғаға бағыттап оқыту әдісі мәселесінің әртүрлі аспектілері бойынша жүргізілген зерттеулерді талдау осы зерттеулер гуманистік білім беру парадигмасына сүйенетіндігін көрсетті, өйткені онда адамның мұқтаждықтарын қанағаттандыруға және адам әлеуетін іске асыру үшін жағдай жасауға басты назар аударылады.

Гуманистік парадигманың негізін құраушы жеке тұлғаның өзіндік құндылығы, индивидтің өз қабілеттерін жүзеге асыру, жеке адамның қажеттілігін қанағаттандыру болды. Педагогикалық процесте студенттің орнын белгілейтін тұлғалық тәсіл принципі, оны осы процестің белсенді субъектісі ретінде танылуын көрсетеді. Дайындық процесінде білім беру іс-әрекеті студенттің тұлғасын қалыптастырмай, жеке психологиялық ерекшеліктерін, әлеуметтік-кәсіби тәжірибесін, мақсатқа ұмтылысын дамытуға көмектеседі.

Зерттеп отырған мәселе бойынша педагогикалық әдебиеттерді теориялық талдауда біз тұлғалық-бағытталған білім беруді студент және мұғалімнің тұлғасы оның субъектісі ретінде әрекет ететін білім беру процесінің түрі ретінде тұжырымдауға мүмкіндік берді;

білім берудің мақсаты студенттің мінез-құлық және орындап жатқан іс-әрекетіне қатынасының негізі болып табылатын құндылық бағыттарын ескере отырып білім алушының жеке тұлғасын, оның даралығын және ерекшелігін дамыту.

Тұлғаға бағыттап оқыту әдісін іске асырудың артықшылықтары келесі болып табылады:

Біріншіден, тұлғаға бағыттап оқыту әдісі білім алушымен өзара әрекеттес мемлекеттік немесе қоғамдық институттарға бағытталмай, көбінесе білім

алушының қажеттіліктері мен қызығушылықтарын қанағаттандыруға бағытталған;

Екіншіден, аталған тәсілді педагог қолдану кезінде жастардың бойында әлеуметтік күнделікті қасиеттерді қалыптастыруға емес, негізгі күшті олардың әр қайсының бойында дара тұлғалық қасиеттерді дамытуға жұмсайды;

Үшіншіден, аталған тәсілді қолдану оқу-тәрбие процесінде педагог және білім алушылар арасында субъект-субъектілік қатынастың болуына әсер ететін субъективті өкілетті қайта бөлуді көздейді.

Тұлғаға бағыттап оқыту әдісі - педагогикалық іс-әрекеттегі әдістемелік бағдар болып табылады, бұл өзара байланысты түсініктер, идеялар мен әрекеттер әдістеріне сүйене отырып, студенттің өзін-өзі тану, өзін-өзі құру және өзін-өзі жүзеге асыру үдерістерін қамтамасыз етіп және қолдап, оның даралығын тұлғаға бағыттап оқыту әдісін дамытуға мүмкіндік береді. Тұлғаға бағыттап оқыту әдісінің мәні, біріншіден тұлғаға бағыттап оқыту әдісі бола отырып, ең алдымен педагогикалық іс-әрекеттегі бағдар болып табылады; екіншіден, ол түсініктер, принциптер және педагогикалық әрекет әдістерінен тұратын кешенді білім беру; үшіншіден, аталған тәсіл білім алушының даралығын, оның субъективті сапаларын танытуға педагогтың қолдаған ұмтылыстарымен байланысты.

Зерттеу барысында қойған міндеттерді шешу үшін, жоғары медициналық оқу орнының медицина факультетінде оқитын студенттерге тұлғаға бағыттап оқытудың функционалдық моделін әзірледік. Модельдің негізгі компоненттері мақсатты, маңызды, құралдық және нәтижелі болып табылады.

Тұлғаға бағыттап оқыту әдісі негізінде болашақ дәрігерлерді оқытудың міндеттері мыналар болып табылады:

студенттің өзін-өзі тану, өзін-өзі құру және өзін-өзі жүзеге асыру үдерістерін қамтамасыз ету және қолдау, оның даралығын дамытады;

әртүрлі педагогикалық әдістер кешендері арқылы студенттерді психофизикалық мүмкіндік және даралық ерекшелік шеңберінде жеке тұлға ретінде дамыту;

әлеуметтік және кәсіби салалардағы адекватты қарым-қатынас икемділіктері мен дағдыларын қалыптастыру;

оқу процесінде студенттердің шешім қабылдау кезінде баламалы таңдау жағдайларын жасау;

өздері үшін маңызды мақсатқа қол жеткізу үшін күш-жігер жұмсауға даярлықты қалыптастыру;

ерікті және еріксіз таңдау жағдайында тәуекелдерді дұрыс қабылдауды қалыптастыру;

пайда болған, ықтимал және болжанатын оқиғалардың ықтималдығын талдауға, түсіндіруге және бағалауға ниеттерін дамыту;

когнитивті диссонансты жою дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз ететін оқу жағдайларын жасау, яғни адамда бар білімі, көзқарасы, нанымдары мен оқиға немесе құбылыс туралы жаңа ақпарат арасындағы қайшылықтарды шешу.

Білім берудің тұлғаға бағытталған парадигма негізінде болашақ дәрігерлерді дайындау кезінде басшылыққа келесі принциптер алынды:

1. Оқу үдерісін жеке тұлғаға бағыттау.
2. Ортақ педагогикалық әсер ету принципі.
3. Дербес және логикалық негізделген шешім қабылдау принципі.
4. Өзіндік жүзеге асыру.
5. Перцепция принциптері

Медициналық жоғары оқу орындарында тұлғаға бағытталған оқытуды жүзеге асыру келесі шарттары мен камтамасыз етіледі: тұлғаға бағытталған оқыту әдістерін қолдана отырып, әртүрлі сипаттағы және күрделілік деңгейдегі міндеттері шешілетін жағдайларды оқу үрдісінде іріктеу және құру; мазмұнды, құралдық сипаттары мен қорытынды процедурасы бойынша вариативті оқу үрдісіне студенттерді кірістіру; педагогикалық үдерісте субъектілердің өзара жеке позицияларын өзара қызығушылық негізінде оқытушы мен студент рефлексивтік өзара әрекеттесуі; фармацевттің кәсіби қызметін жүзеге асыру бойынша типтік және стандартты емес міндеттерді шешумен байланысты оқу үдерісінде бірлескен әрекеттердің мағынасын ауызша түсіндіру.

Бұл жағдай пилоттық зерттеулер мен мәселені теориялық зерттеу негізінде анықталды.

Оқытуда тұлғаға бағыттап оқыту әдіс негізінде педагогикалық әдебиеттерді және болашақ дәрігерлерді оқыту тәжірибесін талдау, бұл процесс тиімділік критерийлерін анықтауға мүмкіндік берілді.

Бұл біздің зерттеуіміз бойынша келесі критерилер болады: когнитивті; іс-әрекеттік; ситуациялық шарттылық; мотивациялық.

Студенттерге ұсынылған оқу материалының мазмұны мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келеді, бірақ әр түрлі оқу түрінде және интерактивті оқыту әдістерін қолдану арқылы ұсынылады.

Білім беру үдерісінде тұлғаға бағытталған тәсіл негізінде студенттермен жұмыс барысында, біз іскерлік ойындардың әдісін және тұлғалық-бағытталған оқу жағдайларын жасауды қолдандық, өйткені олар болашақ дәрігерлерді кәсіби даярлау ерекшелігін ескеруге көбірек мүмкіндік береді.

Болашақ дәрігерлерді дайындау мазмұны бірнеше компоненттерден тұрады:

- дидактикалық;
- әлеуметтік;
- когнитивті;
- аксиологиялық

Білім беру үдерісінде тұлғаға бағытталған әдісті жүзеге асыру негізінде болашақ дәрігерлерді дайындау нәтижесі, жоғары білім жүйесінде қолданылатын дәстүрлі бағалау рәсімі негізінде бағаланады. Өз жұмыс тәжірибебімізде біз Дональд Киркпатриктің өңделген бағалау әдістемесін қолдандық.

Болашақ дәрігерлерді дайындау процесінде тұлғаға бағытталған әдісті біз анықтаған жүзеге асыру шарттары кешені және аталған дайындыққа әзірленген моделі, Қ.А.Ясауи атында Халықаралық қазақ-түрік университетінің базасында өткізілген эксперименталды зерттеулер барысында апробациядан өтті және келесі кезендерден тұрады:

1-кезең (2016, қыркүйек – 2017, қаңтар): зерттеу өзектілігін анықтау, тақырып мақсаты мен міндеттерін негіздеу, ғылыми және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді зерттеу;

2-кезең (2017, ақпан – 2017, маусым): Студенттердің тұлғалық сапасын анықтау және тесттер құрастыру, студенттерді тұлғалық сапасына байланысты топтарға бөлу;

3-кезең (2017, шілде – 2017, желтоқсан): тұлғалық бағытта оқытудың моделін құрастыру, болашақ дәрігерлерді кәсіби дайындауда тұлғаға бағыттап оқыту әдісін ендіруге мүмкіндік беретін сабақ өту түрі мен әдістерін апробациялау;

4-кезең (2018, қаңтар – 2018, ақпан): тұлғаға бағыттап оқытудың тиімділігі мен эксперименталды жұмыстың нәтижесін бағалау;

Экспериментті- тәжірибелік жұмыс медицина факультетінің 1 курс студенттері арасында 2016-2017 оқу жылының күзгі семестрінде 1 курс студенттерінің және осы студенттердің 2-курста (2017-2018 оқу жылы, көктемгі семестр) аралығында өткізілді. Респонденттердің жалпы саны 157 адам болды.

Тәжірибе бөлімі: жалпы иммунология пәнін оқу кезінде «жедел медициналық жәрдем» кафедрасында өткізілді.

Эксперименттік жұмыстарды жүргізген кезде белсенді оқыту әдістеріне шағын топтарда оқыту (SGL), кейсе негізделген оқыту (CBL), мәселелерге/есептерге негізделген оқыту (TaskBL), топта жұмыс істеуге негізделген оқыту (TBL), құрбы-құрдастары арқылы оқыту (PAL), проблемаға бейімдеп оқыту (PBL) қолданылды.

Тұлғаға бағытталған әдісте медицина факультеті студенттерінің танымдық белсенділіктерін дамыту үшін белгілі әлеуетті мүмкіндіктер бар және болашақ дәрігерлердің дайындығына оң әсерін тигізетіні екендігі, оқу үрдісінің дәстүрлі және жеке формасын салыстырмалы талдауы көрсетті.

Осы саладағы зерттеулерді салыстыра отырып, тұлғаға бағытталған тәсілдегі танымдық әрекеттің белсенділігі танымдық іс-әрекеттің бірнеше негізгі компонентінен тұратындығын анықтадық, олар: мотивациялық, операциялық, эмоционалды-еріктік және тұлғалық-маңызды, олардың ішіндегі ең маңызды компонент деп мотивациялық компонентті ажыраттық.

Студенттердің танымдық белсенділігін төменнен жоғарыға қарай деңгейі аралығында даму негізінде қаралды.

Эксперименттік және бақылау топтарында алынған нәтижелер студенттердің танымдық белсенділігін дамыту динамикасын, оқу үрдісінде тұлғаға бағытталған немесе дәстүрлі тәсілдерді қолдануға байланысты анықталды.

Зерттеу барысында эксперименттік топтағы студенттердің көпшілігі адекватты және жоғары танымдық белсенділікке ие екендігі анықталды. Бұл

студенттер зерттеу үрдістерін теориялық түсіну, мәселенің шешімін өз бетімен іздестіру, бағдарламалық материалдарды білудің жоғары сапасын, негізгі білімді терең білуді анық көрсетті. Осылайша, білім беру үрдісі құрылатын негізбен, белгілі бір тәсіл арасындағы анықталған тәуелділікті атап көрсетеміз, яғни ол студенттердің танымдық белсенділігінің даму деңгейіне негізделеді. Болашақ дәрігерлерді оқыту тәжірибиесінде тұлғаға бағытталған тәсілді қолдану студенттердің арасында танымдық белсенділігі адекватты және жоғары деңгейге көтерілген студенттер саны арта түскені байқалды.

Рефлексивті позиция критерий ретінде адекватты өзін-өзі бағалауға дайындығын эксперименттің анықтау кезеңі барысында біз талдадық. Өзін-өзі бағалауды анықтау үшін белгілі жеке қасиеттер жиынтықтарының бағасын салыстыруға негізделген диагностикалық тестілеу қолданылды. Диагностикалық тестілеу және математикалық статистика пайдаланылды. Диагностикалық тестілеу болашақ дәрігерлерді даярлауда және одан әрі кәсіптік қызметінде маңызды болып табылатын студенттердің жеке қасиеттерін: тұлғалық құндылығы бағытын, белсенділік, коммуникабельділік, өзін-өзі бағалай білуі, ойлау және шығармашылдық (креативтілік) және басқа осы сияқты жеке қасиеттерін қарастырды.

Алынған мәліметтерді талдау барысында эксперименттік топ студенттерінің адекватты – 15% ға айтарлықтай өсуі байқалды, ал өзін жоғары бағалау -4% -ға, ал өзін төмен бағалау - 12% төмендеді.

Осылайша, оқу іс-әрекетінде рефлексиялық позицияны қалыптастыру механизмінің тиімділігін артуын байқадық, өйткені психологтардың мәліметтерінше және өзіміздің талдауымызға сүйенетін болсақ, жеке тұлғаның дамуы және қалыптасуы үшін адекватты және жоғары деңгейдегі өзін-өзі бағалау ең қолайлы болады. Аталған деңгейдегі өзін-өзі бағалауға ие студенттерге: оқу үрдісіне қызығушылық, әсіресе негізгі пәндерге, пәндерді оқуда белсенділік, алғырлық, өзіне талап қоя білу, сыни көзқарастың болуы; әрекет етудегі дербестік сияқты қасиеттер тән болады.

Студенттердің жеке қасиеттерінің негізгі көрсеткіштері ретінде біз тұлғалық құндылығы бағытын, белсенділік, коммуникабельділік, ойлау және шығармашылдық (креативтілік) қасиеттерін таңдадық, өйткені олар медицинадағы болашақ маман үшін оңтайлы болып табылады.

Есептеулер кезеңмен жүргізіліп, ұсынылған факторлар арасындағы корреляциялық байланыстар айқындалды.

Эксперименттің негізгі міндеттері ретінде ұсынылған:

білім беру үдерісінде біз ұсынған тұлғаға бағытталған тәсілдің әдіснамасын қолдану барысында студенттердің белсенділігін (төмендеуі, артуы), коммуникабельділік пен шығармашылдықты анықтау; белсенділіктің арту жағдайында коммуникабельділіктің артуы мен шығармашылдықтың өзгеруі арасындағы өзара байланыстың болуы (немесе болмауын) анықтау;

1 және 2 курстарда көрсеткіштердің өзгеру динамикасын талдау.

Студенттердің жеке қасиеттерін бағалау нәтижесі, медициналық жоғары оқу орнының оқу үрдісінде тұлғаға бағытталған тәсілді педагогикалық шарттар

кешенімен және оларға сәйкес педагогикалық құралдармен пайдалану мүмкіндігі және қажеттілігі, студенттің белсенділік, коммуникабельділік және шығармашылдық деңгейін арттыруға әкелетінін дәлелдеді.

Бақылау топтарында (дәстүрлі сабақ жүйесі) қарастырылған қасиеттердің деңгейі жүйелі түрде өсуі байқалды, бірақ аз дәрежеде екенін айта кету керек. Мүмкін, бұл университеттен тыс болатын сыртқы макроэкономикадағы кешенді жағдайлардың студенттердің жеке қасиеттеріне әсер етуі мүмкін. Студенттердің жас ерекшеліктеріне байланысты, бірінші курстан екінші курс аралығында зерттелген қасиеттер деңгейі аздап жоғарылауы байқалады.

Сондай-ақ, анықтау кезінде тәжірибелік-эксперименталдық жұмыстар барысында Д.Киркпатриктің өңделген моделі қолданылды.

Эксперименттік топтарда сабақтардың өту сапасы мен әдіснамасына қатысты жағымды бағалауының саны өсті және студенттердің үлгерімі де өзгерді, онда оң өсу қарқыны бар екенін алынған нәтижелер талдауы көрсетті. Білімді бағалау түрлі пәндер бойынша тестілеу нәтижелерін ескере отырып жүргізілді. Алынған нәтижелерді талдау бақылау және эксперименттік топтардың студенттері алынған бағаларда айтарлықтай айырмашылық бар екенін көрсетті.

Жалпы студенттер саны эксперименттік топта студенттер - 79, бақылау тобында - 78 болды.

Сондай-ақ, студенттердің мінез-құлқының барынша дұрыс, ақылға қонымды және мақсатты әрекеттер мен реакцияларға қатысты өзгерістер байқалды. Эксперименттік топтарда оқуға және сабаққа қанағаттану дәрежесі, сондай-ақ студенттердің өзін-өзі жайлы сезінуі бақылау топтарына қарағанда жоғары.

Демек, медицина факультетінің студенттерінің оқу үрдісінде эксперименталдық топтарында (ұсынылған модель мен әдіснама бойынша) және дәстүрлі оқу формасындағы бақылау топтарында тұлғаға бағытталған тәсілді қолданудың тиімділігін салыстырмалы талдау жасау арқылы дәлелденіп тұр, яғни алынған нәтижелер жағымды жаққа өзгеру динамикасының дәлелі. Зерттеу барысында алынған нақты нәтижелер біз ұсынған гипотезаны растауға және медициналық жоғары оқу орындардың оқу-тәрбие үрдісінде біз әзірлеген тұлғаға бағытталған тәсілдің үлгісі мен әдіснамасын қолдану тиімділігі мен қажеттілігі туралы айтуға мүмкіндік берді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕРДІҢ ТІЗІМІ:

1. Anglin, G.J. Instructional technology. Past, present, future [Text] / G.J. Anglin. - New York: Englewood Cliffs, 2011. - 529 pp.
2. Aderson, J.R. Situated learning and education [Text] / J.R. Aderson, L.M. Reder and H.A. Simon // Educational Researcher. - 2006. - Vol. 25. - №4. - P. 5-11.
3. Andrew Miles, Jonathan Elliott Asbridge, Fernando Caballero. Towards a person-centered medical education: challenges and imperatives (I) Hacia una educación médica centrada en la persona: retos y exigencias. Educación Médica Volume 16, Issue 1, January–March 2015, Pages 25-33
4. Alexander von Eye¹, Lars R. Bergman², Chueh-An Hsieh. Person-Oriented Methodological Approaches[†] Volume 1. 23 MAR 2015, Pages 89-90
5. Annelies E. M. Van Vianen, Betty A. G. W. Dalhoeven, Irene E. De Pater. Age as moderator of the relationship of proactive personality with training motivation, perceived career development from training, and training behavioral intentions. Journal of Organizational Behavior Volume 32, Issue 2, February 2011, Pages 226–228
6. Anna. Parpala, Sari. Lindblom-Ylänne, Erkki. Komulainen, Topi. Litmanen, Laura. Hirsto. Students' approaches to learning and their experiences of the teaching–learning environment in different disciplines. British Journal of Educational Psychology Volume 80, Issue 2, June 2010, Pages 269–282
7. Andrew Miles, Jonathan Elliott Asbridge, Fernando Caballero. Towards a person-centered medical education: challenges and imperatives (I) Hacia una educación médica centrada en la persona: retos y exigencias (I). JOURNAL ELSEVIER Volume 16, Issue 1, January–March 2015, Pages 25-33
8. Аканов А.А., Хамзина Н.К., Ахметов В.И., с соав. Казахский национальный медицинский университет им. С.Д.Асфендиярова: на пути инновационных преобразований.- Алматы, 2010-181 с.
9. Аканов А.А., Мирзабеков О.М., Ахметов В.И., с соав. Болонский процесс- путь КазНМУ в общеевропейское образовательное пространство. - Алматы, 2010.
10. Аканов А.А., Хамзина Н.К., Ахметов В.И., с соав. Медицинское образование основанное на компетенциях: проблемы и перспективы.- Алматы, 2010.
11. Алдушонков, В.Н. Создание и внедрение мультимедиа-технологий в учебный процесс / В.Н. Ал 128
12. Бартош Н.О., Подчерняева Н.С. Перспективы применения модульной технологии в обучении студентов медицинских вузов и медицинских факультетов университетов по специальности "Лечебное дело" – Публикации сотрудников ИОП, Московская медицинская академия им. И.М.Сеченова.
13. Буравой М. Углубленное case study: между позитивизмом и постмодернизмом // Рубеж.- 2011 - № 10 – 11.
14. Borges NJ, Manuel RS, Duffy RD, Fedyna D, Jones BJ. Influences on specialty

- choice for students entering person-oriented and technique-oriented specialties. *Med Teach.* 2010 Dec;31(12):108
15. Brown, Richard F. MA, PhD; Bylund, Carma L. MA, PhD. Communication Skills Training: Describing a New Conceptual Model. *JOURNAL Academic Medicine*: January 2011 - Volume 83 - Issue 1 - p 37-39
16. Бирюкова, Татьяна Ивановна. Формирование личностных компетентностей студентов медицинского вуза в процессе изучения иностранного языка. Карачаевск 2010г.-С-3-5.
17. Бондаренко В.В., Ланских М.В., Бондаренко Ю.В. Технология личностно-ориентированного обучения. Харьков: ХНАДУ, 2011. – 146 с.
18. By Hahn, Verena C., Binnewies, Carmen, Sonnentag, Sabine, Mojza, Eva J. Learning how to recover from job stress: Effects of a recovery training program on recovery, recovery-related self-efficacy, and well-being. *Journal of Occupational Health Psychology*, Vol 16(2), Apr 2011, 202-216
19. Brown R.F., Bylund C.L. Обучение навыкам коммуникации: описание новой концептуальной модели. *Издю Мед.* 2012; 83:37-44.
20. ВОЗ – «Five star doctor» Boelen C., www.who.int/entity/my/hrt/en/hrdj
21. Balogh, Agnes; Gaál, Zoltán; Szabó, Lajos. RELATIONSHIP BETWEEN ORGANIZATIONAL CULTURE AND CULTURAL INTELLIGENCE. *Management & Marketing*; Bucharest Volume 6, Issue 2 (2011): 95-110.
22. Birden H, Glass N, Wilson I, Usherwood T, Nass D (2014) Defining professionalism in medical education: A systematic review. *Medical Teacher* 36: 47-61.
23. Ballard CG, O'Brien J, James I, & Swann A. (2001). *Dementia: Management of behavioural and psychological symptoms*. New York, NY: Oxford University Press
24. Barab, S.A. Grounded constructions and how technology can help [Text] / S.A. Barab, K.E. Hay and T.M. Duffy // *Tech Trends*. - 2013. - Vol. 43. - №2.-P. 15-23.
25. Beard, M.R. *Motivating Students* [Text] / M.R. Beard. - London: Routledge and Kegan Paul, 2011. - 107 pp.
26. Balzarini F (2012). Perspectives from Collaborating Major Medical and Health Organizations: International Federation of Medical Students' Association (IFMSA). *International Journal of Person Centered Medicine* 2: 144
27. В. Л. Слостенин, В. Л. Беловолов, Е. В. Ильенко. Личностно ориентированное обучение в процессе профессиональной подготовки специалиста. Москва 2010г.-С-117-122.
28. Власова В.Б. Традиция как социально-философская категория // *Философские науки*. 2010. № 4. С. 35.
29. Van Weel-Baumgarten M, Brouwers MH (2011). Best evidence: Teaching of person-centred basic communication skills: a reflection. *International Journal of Person Centered Medicine*, 1: 35-38
30. Van Weel-Baumgarten E.M., Brouwers M.H. (2011). Best Evidence: Teaching of Person-centred Basic communication Skills: a reflection *International Journal of Person Centered Medicine*, 1: 35-38.

31. Величко В.В., Карпиевич Д.В., Карпиевич Е.Ф., Кирилук Л.Г. Инновационные методы обучения в гражданском образовании – 2-е изд., доп. – Мн.: —Медисонтл, 2011. – 168 с.
32. Володин Н.Н., Чучалин А.Г., Шухов В.С. Вопросы непрерывного медицинского образования (проблемно-ориентированное обучение) // Лечащий врач. 2010. - №3.
33. Гузеев В.В. Планирование результатов образования и образовательная технология. - М.: Народное образование, 2010.
34. Гаврилова М.И. Компетентностный подход в профессиональном образовании. Москва 2014. Научный журнал № 2 (28) 2014 г. –С-58-59
35. Гаранина Р. М. Реализация личностно-развивающего потенциала самостоятельной работы студентов медицинского вуза в процессе освоения теоретических дисциплин. УФА 2012г. –С- 135-136
36. Гаранина И.Ю. Личностно-ориентированный подход к профессионально-направленному обучению математике студентов учреждений среднего профессионального образования. Калуга 2010г. –С- 84-85
37. Гойхман О.Я., Надеина Т.М. Основы речевой коммуникации. М.: Инфра- М, 2013. С.189-198.
38. Государственный общеобязательный стандарт медицинского образования. - Алматы, 2016.
39. Галактионов В., Международная практика взаимного признания документов об образовании и профессиональных квалификаций / В. Галактионов // Высшее образование в России. - 2014. - № 2. - С. 28-40. Болонский процесс.
40. Гессен С.И. Основы педагогики. Введение в прикладную философию. М., 2011. С. 35.
41. Gayvoronskaya E (2012). Eastern European considerations on the person with the disease at the center of teaching. *International Journal of Person Centered Medicine* 2 : 33-37.
42. Golubnitschaja O, Costigliola V, (2012). General report & recommendations in predictive, preventive and personalised medicine: White Paper of the European Association of Predictive, Preventive and Personalised Medicine. *The EPMA Journal*, 3:14. 1.
43. Дубровский, В. В.; Кириченко, Т. Д.; Климов, В. И.; Петриченко, Т. В. Личностно-ориентированный подход в эстетическом воспитании студентов вуза. *Perspectives of Science & Education*. 2017, Vol. 29 Issue 6, p50-54.
44. Dayrit M (2012) Transformative scale-up of health professional education. *International Journal of Person Centered Medicine*, 2:161-164.
45. Dumbleby R., Burton G. *More Than Words: An Introduction to Communication*. L.; N.Y., 2015.
46. Долженко О. Очерки по философии образования. М., 2011. С. 128.
47. Долженко О. Какова наша школа по результатам международного сравнения // Народное образование. 2012. № 7. С. 23.
48. Dominik Lapka Petra Wagner Barbara Schober Petra Gradinger Christiane Spiel. *Benefits of the Person-Oriented Perspective for Program Evaluation:*

Analyzing the Differential Treatment Effects of the Vienna E-Lecturing Program
Journal of MultiDisciplinary Evaluation Vol 7 No 16 (2011)

49. Diana Raufelder, Danilo Jagenow, Frances Hoferichter Free. ORIENTED APPROACH IN THE FIELD OF EDUCATIONAL PSYCHOLOGY. ROBLEMS OF PSYCHOLOGY IN THE 21st CENTURY Volume 5, 2013 THE PERSON

50. DILLEY, LORNA PHD; GEBOY, LYN PHD. Staff Perspectives on Person-Centered Care in Practice. .Journal of Applied Developmental Psychology: July-September 2010 - Volume 11 - Issue 3 - p 172–185

51. David M. Hansen, William P. Skorupski, Tiffany L. Arrington. Differences in developmental experiences for commonly used categories of organized youth activities. Journal of Applied Developmental Psychology Volume 31, Issue 6, November–December 2010, Pages 413–421

52. Змеев, С. И. Андрагогика: основы теории и технологии обучения взрослых [Текст] / С. И. Змеев. – М. : ПЕР СЭ, 2013. – 272 с.

53. Зимняя И.А. Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования // Высшее образование сегодня, 2013. № 5. – С. 34–42.

54. Иванов, Д.И. Способы и процедуры оценки уровня достижений ключевых компетенций в учебном процессе / Д.И. Иванов // Школьные технологии. – 2016. – №1. – С. 149–158.

55. IC McManus & all. St Mary*s Hospital Medical School, Imperial College of Science, Technology, and Medicine, London 2013

56. Jody Hoffer Gittel, Marjorie Godfrey & Jill Thistlethwaite. Interprofessional collaborative practice and relational coordination: Improving healthcare through relationships. Journal of Interprofessional Care 19 Oct 2012 Pages 210–213

57. Juan E. Mezzich, Jon Snaedal, Chris van Weel, Iona Heath. Introduction to conceptual explorations on person-centered medicine. . International Journal of Integrated Care. 2010;10(5)

58. Julie Battilana^a, Mattia Gilmartin^{b1}, Metin Sengul^{c2}, Anne-Claire Pache^{d3}, Jeffrey A. Alexander^{e4}. Leadership competencies for implementing planned organizational change. Journal The Leadership Quarterly Volume 21, Issue 3, June 2010, Pages 422–438

59. Jean-Louis Berger, Yannick D'Ascoli. Motivations to Become Vocational Education and Training Educators: A Person-Oriented Approach. Journal Vocations and Learning October 2012, Volume 5, Issue 3, pp 225–227

60. James Appleyard, Juan Mezzich, Tesfamicael Ghebrehiwet. Development and Implications of the Zagreb Declaration on Person-centered Health Professional Education. International Journal of Person Centered Medicine 2014, Vol 4, Issue 2, Pages 4–8

61. Жак Д. Организация и контроль работы с проектами // Университетское образование: от эффективного преподавания к эффективному учению. Сборник рефератов по дидактике высшей школы / Белорусский государственный университет. Центр проблем развития образования. - Мн., Профилен, 2011. - с.

62. Zasiadko, Konstantin Ivanovich; Oproshchenko, Daniil Leonidovich. Psychophysiological Aspects of the Social and Psychological Adaptation of Deaf Students in Primary Academic Institution. International Information Institute (Tokyo). Information; Koganei Том 20, Изд. 7А, (Jul 2017): 4789-4800.
63. International College of Person-centered Medicine (2012). Geneva Declaration on Person-centered Care for Chronic Diseases, International Journal of Person Centered Medicine 2(2): 153-154.
64. International Association of Medical Colleges (2014). Composite Standards www.iaomc.org/cs.htm
65. Изменения в образовательных учреждениях: опыт исследования методом кейс – стади / под ред Г.Н. Прозументовой.- Томск, 2003.
66. Козина И. Case study: некоторые методические проблемы // Рубеж.- 1997.-№ 10-11.- С. 177-189.
67. Ковалева О.И. Личностно ориентированное обучение студентов современных вузов как фактор сохранности здоровья. Дис. Теория и методика профессионального образования. Ставрополь 2014г. –С-143.
68. Ковалева О.И. Индивидуальный подход в обучении как основа личностно ориентированного образования. Ставрополь 2012г. –С- 11-12.
69. Камалова Л.А. Личностно-ориентированный подход к подготовке специалистов профиля « Начальное образование» Образование и саморазвитие Научный журнал. г. Казань, 2014 № 1 (39) –С -21
70. Kallivayalil RA, Punnoose VP (2011). Person-centered medicine and primary healthcare: academic perspectives. International Journal of Person Centered Medicine 1: 433-434.
71. Kienle GS, Kiene H (2011). Clinical judgement and the medical profession. J Evaluation Clinical Practice, 17: 621-627
72. Kolb DA (1984). Experiential learning: Experience as the source of learning and development. Englewood Cliff, NJ: Prentice-Hall
73. Коновалова, Н.Г. Обучение клиническим умениям студентов медицинского вуза с использованием диагностического алгоритма / Н.Г. Коновалова, А.С. Урбанский // Сибирский педагогический журнал. – 2010. – №6. – С. 324-327
74. Коновалова, Н.Г. Роль алгоритма в контроле обучения студентов медицинского вуза клиническим дисциплинам / Н.Г. Коновалова, А.С. Урбанский // Теория и практика педагогической науки в современном мире: традиции, проблемы, инновации: Материалы Международной научно-практической конференции. Часть 1. – Новокузнецк: Изд-во КузГПА, 2010. – С. 77-80
75. Калугина, Т.А. Новые информационные технологии в сфере образования / Т.А. Калугина. – Саратов: Колледж, 2012. – 145 с.
76. Кузин Ф.А. Культура делового общения. Приложения. М.: Ось-89, 2015.
77. Кунанбаева С.С. —Болонская конвенция и международное научно-образовательное пространство – круглый стол, Алматы, 2014
78. Ключевые компетенции 2000 (программа) // Oxford Cambridge and RSA Examinations. / Key Skills, 2010, -с.79-94. 129

79. Концепция модернизации российского образования на период до 2010 года [Текст] // Учительская газета. – 2012. – № 31. – С. 26-29.
80. Казаков В.Н., Селезнёва Н.А., Талалаенко А.Н. и др. Управление качеством подготовки специалистов: программно-целевой подход. Москва–Донецк, 2013. – 215 с.
